# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

5.04.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№12 (8126)



SAIASAT
ҚОШАНОВ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСКЕ ЕСЕП БЕРДІ
2-бет

ÁLEÝMET
ЖАЙЛЫ ВАГОН – ЖАҢА СЕРВИС
3-бет

TULǴA
ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ
5-бет

QOǴAM
«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
6-бет


# «БАРЫМЫЗ ДА, БАҒЫМЫЗ ДА –ТӘУЕЛСІЗДІК»

*Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық «Egemen Qazaqstan» және «Aiqyn» газеттеріне сұхбат берді*

**Дархан Қыдырәлі: Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің Президент лауазымындағы алғашқы сапарыңыз киелі Түркістаннан басталды. Біз де сұхбатымызды осы игілікті сапар жайынан бастағымыз келіп отыр…**

– Иә, мен үшін бұл елеулі, маңызды сапар болды.

Түркістан тек қазақ халқының ғана емес, күллі түркі жұртының қасиетті мекені. Түркістан – сан ғасырлық адамзат шежіресінің куәгері және өркениет жауһары.

Қарап отырсаңыз, халқымыздың арғы-бергі тарихында ел бастаған, қол бастаған тұлғаларымыз да аса жауапты сәттерде, күрделі саяси шешімдер қабылдайтын уақыттарда Түркістанға тағзым ете барған. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та осы киелі топыраққа жиі ат басын бұратынын білесіздер.

Менің ше, мұның бірінші себебі – халқымыз үшін аса қастерлі саналатын мекенге тәу ету және ата-баба аруағына, аманатына деген құрмет болса, екінші себебі – Ұлы дала еліндегі кешегі, бүгінгі мемлекетшілдік дәстүрге, эволюциялық даму сабақтастығына деген адалдықта жатыр. Мұндай сакральды ұғым-түсінік пен дәстүрге адалдық тек өркениетті, өсіп-жетілген ұлттың ғана қолынан келеді деп ойлаймын.

Соның біздің заманымыздағы жарқын бір көрінісі – Елбасымыздың Түркістан облысын құрғаны. Өңірге киелі мекеннің атын бере отырып, Тұңғыш Президент тарихи әділеттілікті қалпына келтірді, мемлекеттің іргесін мығымдап, жалпыұлттық сәйкестік пен береке-бірлігімізді еселеп нығайтты.

Ендігі жерде мемлекет Жібек жолы бойында жатқан Түркістан қаласын, өңірін жаңартып-жаңғыртуды уақыт оздырмай қолға алуы керек. Өңірдегі инфрақұрылымды дамыту, туристік саланы жандандыру, өндірісті өркендету – осының бәрі халқымыздың әл-ауқатының барынша жақсаруына негіз болады.

Оның үстіне, оңтүстік өңір – еліміздегі тұрғындар саны ең көп аймақ. Осы өңірді ұлтымыздың «демографиялық алтын діңгегі» десек те жарасады. Ал адам капиталы біз сияқты жері кең, елі шағын мемлекет үшін аса өзекті фактор екені айтпаса да түсінікті.

Сапар барысында мен облыстың даму жоспарымен, жалпы жағдайымен мұқият таныстым. Алда атқарылатын шаруалар бастан асады. Ол шаруалардың барлығын асықпай-аптықпай, жүйелі, кешенді түрде атқаруымыз өте маңызды.

**Дархан Қыдырәлі: Рұқсат болса, алғашқы сұрақты жалғастыра кетсем. Сіз осы сапарыңызда қасиетті орындарға тағзым етіп, жұртшылыққа өзіңіздің ең басты ұстанымдарыңызды да жеткіздіңіз. Сол ұстанымдарды тарқатып айтып берсеңіз.**

– Менің Түркістан облысына сапарым халқымыздың ұлық мейрамы Наурызбен тұспа-тұс келді. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында әлем жұртшылығы Қазақстандағы аса жауапты, тарихи оқиғаның куәсі болды.

Қазақ мемлекеттігінің негізін қалаушы ұлы тұлға, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз еркімен Мемлекет басшысы өкілеттігін тоқтатты.

Бұл тағдырлы шешім жаһандық деңгейде, тарихи ауқымда танылған саяси қайраткердің кемеңгерлігі мен парасаттылығын әлемге тағы да танытты, мойындатты.

Елбасы іс жүзінде тәуелсіз елдегі саяси басқару мен сабақтастықтың мүлде жаңа, озық үлгісін жасап берді.

Менің де Президент ретіндегі негізгі ұстанымым мен өмірлік көзқарасым осы бағыттан ауытқымайды. Жоғарыда айтып өткенімдей, елдің өркендеу кепілдігі мемлекетшілдік пен дәстүр сабақтастығында және оған деген құрмет пен адалдықта жатыр. Онсыз ешқашан тұрақтылық та, даму да болмайды.

Екінші ұстанымым – әділеттілік. Бұл жалпыадамзаттық әрі дала демократиясынан бастау алатын, ата-бабамыздан дарыған, ежелден қанымызға сіңген құндылық болатын. Оны жоғалтып алу адамзат үшін де, ұлт үшін де өзін өзі жоғалтып алумен бірдей.

Әділеттілік салтанат құрмаған қоғамда тек қайшылық, қиыншылық, құлдырау үстемдік ететіні белгілі. Сондықтан әділетсіздікпен мемлекет, қоғам, әр адам күн сайын, бірігіп күресуіміз керек. Халқымыз айтқандай, «Әділет жолы – ауыр жол», бірақ ауыр болса да одан тура жол жоқ.

Үшінші ұстанымым – тек алға басу, даму жолымен жүру.

Өздеріңіз білесіздер, біз өмір сүріп отырған дәуірдің табиғаты мың құбылмалы. Жаһандық бәсекелестік жағдайында өз мүддемізді қорғауға, өз мақсатымызға жетуге ұмтылмасақ, жедел алға баспасақ көп нәрседен ұтыларымыз анық.

Мына дәуір еркелікті, жалқаулық пен масылдықты, немқұрайлылықты көтермейді. Төртінші өнеркәсіптік революция кезеңінде, жоғары технологиялық, цифрлы кеңістікте жаһандық дамудан он жыл артта қалсақ, жүз жыл оның орнын толтыра алмайтынымызды естен шығармайық.

Елбасының дана шешімінің арқасында билік сабақтастығы ешбір дүрбелеңсіз, шиеленіссіз жүзеге асты. Бұл болашақ үшін, мемлекеттің тұрақтылығы мен ұдайы дамуы үшін жасалған бірегей қадам екенін ұмытпауымыз керек. Біздің ендігі міндетіміз – осы жолдан, осы бағыттан ауытқымай, тек алға басу, өсу, өркендеу. Кері кетсек, тарих та, болашақ ұрпақ та бізді кешірмейді.

**Нұртөре Жүсіп: Халықаралық сарапшылар билік тізгінінің бейбіт жағдайда берілуін Орталық Азия тарихында бұрын-соңды болмаған ғаламат тарихи оқиға деп жазып жатыр. Кейбір сарапшылар келешекте екіұдайылық орын ала ма деп қауіптенетін секілді. Бұл жөнінде не айтасыз?**

– Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жаңа мемлекеттілік жасаудың барлық тауқыметін басынан өткерді. Қиындыққа толы осы жолда толағай табыстарға қол жеткізді. Қазақ елін төрткүл дүниеге әйгілеп, барша әлемге мойындата білді. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі өсіп-өркендеуі, ертеңгі даму келешегі Назарбаев есімімен тығыз байланысты.

Түрлі сәуегейлік жасаушылар бұрын да болған, қазір де, кейін де бола береді. Ең бастысы, біз биліктің ауысуын тұрақты жағдайда өткізе білдік. Тағы да қайталап айтамын, бұл ең алдымен, Елбасының парасаттылығы мен көрегендігін және халқымыздың даналығын көрсетеді. Біз әлемге өркениетті ел екендігімізді, жұртымыздың саяси мәдениетінің



жоғары екендігін дәлелдедік. Кейбір мемлекеттердегідей алаңға шығып, шу көтерген жоқпыз. Бәрі заң шеңберінде өтті. Және мен де осы бағыттан ешқашан таймаймын және ешқандай «екіұдайылыққа» жол бермеймін.

Дархан Қыдырәлі: Сіз күні кеше о**блыс әкімдерімен өткен кеңесте әкімдерге халыққа жақын болуды, жұртты мазалаған мәселеге жедел жауап қайыруды тапсырдыңыз. Жалпы, елді бір ғимаратқа жинап, алдын ала сұрақтар дайындатып, есеп беру деген форматты да өзгертетін уақыт келген жоқ па?**

– Әкімдердің есеп беру форматының ескіргені, баяндамаларының жадағай цифрларға құрылатыны, шын мәнінде халықты жалықтырды және жұртшылықтың сеніміне селкеу түсіреді деп ойлаймын.

Байқасаңыздар, біздің кейбір шенеуніктерімізге жетпей жататыны – қарапайымдылық, адами қарым-қатынастар. «Әкім бол – халқыңа жақын бол» деп халық бекер айтпайды. Оларға осы сөз бойтұмар болуы тиіс.

Ал біздің шенеуніктер халықпен кабинетінің немесе қызметтік көлігінің терезесінен ғана араласқанды қош көретіндей.

Әкімдерді жинаған кеңесте мен бұл әдетті тыюды қатаң ескерттім. Халықтың сұранысына жедел үн қатып, мәселені шұғыл шешуге ұмтылыс жасау маңызды. Бұл үшін әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс істеу, жүргізіліп отырған саясатты жеріне жеткізе түсіндіру де өте қажет нәрсе.

Халыққа ашық қызмет көрсетуге қажетті барлық коммуникациялық құралдарды пайдалана білген жөн. Сонымен бірге кері байланыс орнатудың пайдасы зор. Өкінішке қарай, халықпен төте байланыс барлық жерде бірдей емес, байланыс орталықтары еліміздегі 17 әкімдіктің тек төртеуінде, ал мобильді халықтық бақылау 7 өңірде ғана бар. Мұндай жағдайда атқарушы билік елдің мұң-мұқтажына дер кезінде жауап қата алмайды. Осы уақытқа дейінгі оңтайлы реформалардың бәрі жергілікті жерлерге келіп тіреледі. Егер халықпен қоян-қолтық жұмыс атқаратын болса, әкімдіктер көптеген өзекті мәселелерді тиісті деңгейде тез шеше алады. Бұл азаматтардың билік институтына деген сенімін арттырады. Өңір әкімдері халықпен есептік кездесулерде ғана емес, тұрақты негізде кездесіп, барлық елді мекенді аралауға тиіс.

Әрбір шенеунік жүргізіліп жатқан реформалардың, жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік саясаттың мән-мақсатын халыққа нақты әрі ұғынықты жеткізе білуі тиіс. Шенеуніктердің бір осалдығы – халықпен қалай сөйлесу қажеттігін білмеуі.

Сондықтан мен Мемлекеттік басқару академиясының базасында арнаулы курстар ашып, оларға халықпен белсенді қарым-қатынас жасайтын шенеуніктерді жіберу керек деп ұйғардым. Әкімдерге халықпен қарым-қатынастың жаңа форматына көшуді, ашық және шұғыл әрекет етуді тапсырдым. Бұл аудандардан бастап облысқа дейінгі барлық деңгейдегі әкімдерге қатысты. Олардың халықпен тікелей қарым-қатынаста болуы, жағдайды толыққанды білуі, мәселені жедел шешуі – басты міндет.

**Нұртөре Жүсіп: Сіз өз қызметіңізде Елбасының стратегиялық бағыт-бағдарын жалғастырудың маңызды екенін қадап айтып, осы тұрғыда жемқорлықпен күрес, әділеттілік туралы жиі айтып жүрсіз. Бұл – қоғам үшін аса қажет құндылықтар. Әсіресе, бүгінгі таңда. Ал осы құндылықтар енді мемлекеттік саясатта қалай көрініс таппақ?**

– Қоғамдық құндылықтар – сан ғасырлар бойы халықтың санасында пісіп-жетілетін ізгілік категориялары, моральдық іргетас. Ізгі құндылықтар – қоғамның иммунитеті.

Алайда, әр заманның, әр қоғамның өне бойына батпандап кіріп, мысқалдап шығатын дерттер болады. Жемқорлық – сол қоғамдық санаға сына қағатын қасірет. Бүгінде жемқорлық қоғамдық өмірдің көптеген тұстарын жайлағаны жасырын емес.

Иә, Үкімет өз тарапынан заң аясында күресіп жатыр. Бұл аздық етеді. Егер әлемдік тәжірибеге сүйенсек, жемқорлықты жеңу үшін тек қана қатаң жаза ғана емес, жан-жақты кешенді іс-әрекеттер қажет. Жемқорлықпен күрес ымырасыз жүруі тиіс және бұл тек Үкіметтің ғана емес, әрбір адамның міндетіне, керек десеңіз парызына айналуы тиіс.

Жақында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасына осы бағытта нақты тапсырмалар бердім.

Ұлы гуманист Махатма Гандидің «Әлемді өзгерткің келсе, алдымен өзің өзгер» деген әйгілі нақылы бар ғой. Ең бастысы, қоғамдық пікірге, әр адамның санасына осы кеселге үзілді-кесілді қарсы тұратындай күш пен сенімді сіңірмесек, түпкілікті өзгеріс жасамасақ, барлық әрекетіміз нәтижесіз күреске айналуы мүмкін.

Жалпы, әділеттілік – қоғамды өркениетке жетелейтін, оның бет-бейнесін айқындайтын басты құндылық. Ол жоғалған сәтте азаматтар арасында наразылық туындайды.

Бұл құндылық алдымен мемлекеттік саясатта көрініс табуы керек деп санаймын. Нақтырақ айтсақ, заң алдында барлық азамат тең құқылы болуы тиіс. Қылмыс жасаған азаматтар лауазымына қарамай заң шеңберінде жазалануы шарт.

Әсіресе, жастардың лайықты білім алуына, алаңсыз жұмыс жасауына теңдей мүмкіндік берілуі қажет. Ауыл мен қаладағы жас азамат үшін де, лауазымды, ауқатты немесе қарапайым шаруа отбасының баласы үшін де әлеуметтік лифттің есігі кедергісіз ашық болуы керек. Айналып келгенде, әлеуметтік теңдік дегеніміз – осы. Біз осыған қол жеткізуге тиіспіз.

Мемлекеттік қызметке тағайындау барысында меритократия принципін ұстанған жөн. Азаматтарды тек біліміне, қабілетіне қарай тағайындау талабы қағаз бетінде қалмай, іс жүзінде орындалуы қажет.

**Дархан Қыдырәлі: Nur Otan партиясының XVIII съезінде айтылған «Әлеуметтік қамқорлық» жобасын жалғастыру үшін Сіз бірқатар бастаманы белгіленген уақытынан бұрын орындауға тапсырма бердіңіз. Осы орайда, бюджет шығыстарын қайта қарап, мақсатсыз қаржы жұмсауды доғару керектігін айттыңыз. Жалпы, бюджет саясатындағы Қазақстанның басымдықтары қандай болмақ?**

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы бастамашы болған әлеуметтік бастамалар жалғаса береді. Оны жүзеге асыруға қажетті қаржы қарастырылды, тиісті шаралар легі айқындалды. Осыған дейін айтқанымдай, мен бірқатар бастамаларды межеленген мерзімінен ертерек қолға алуға тапсырма бердім.

Бюджет саясатында алдымызға қойылған нақты мақсаттар, жоспарлар бар. Мәселен, мұнай кірістеріне тәуелділікті азайтуға, ұлттық қордың активтерін тұрақтандыруға және оны сақтау ісіне басымдық беріледі. Бұл орайда тиісті лауазымды тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктедім.

Бюджет қаржысы экономикалық жағынан маңызды әрі табыс әкелетін салаларға жұмсалуы керек. Барлық шешімдер алдын ала жан-жақты зерттеліп, экономикалық прагматизм тұрғысында қабылданғаны жөн. Бұл қаражаттың тиімді жұмсалуына әсер етеді. Бюджет тапшы кезеңде қыруар қаржының игерілмей қалуына жол берілмеуі керек.

Өздеріңіз білесіздер, еліміздегі бірқатар даму бағдарламаларының табысты жүзеге асуына Ұлттық қор ерекше ықпал етті. Бюджетке кепілдендірілген және мақсатты трансферттерге Ұлттық қордан өте көп қаржы жұмсалды. Ендігі кезекте трансферттер көлемін біртіндеп азайтқан жөн. Қор қаражатын инвестициялау құрылымын жақсарту саясаты сауатты жүргізілуі керек. Ұлттық қордың игілігін көру – болашақ ұрпақтың еншісінде.

**Дархан Қыдырәлі: Әлеуметтік блокқа республикалық бюджеттің 45 пайыз үлесі жұмсалады. Бұл қаражат салыстырмалы түрде аз емес. Әлеуметтік саясатты жетілдіруге және оңтайландыруға қатысты көзқарасыңызды білсек деп едік. Жалпы, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға қатысты не айтасыз?**

– Халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс сапасын жақсарту ешқашан күн тәртібінен түспейді. Біз, тіпті, экономикалық жағдай қазіргіден әлдеқайда қиын кезеңде де еліміздегі әлеуметтік ахуалға ерекше көңіл бөлдік қой.

Мысалы, көп балалы аналардың жағдайы жалпы әлеуметтік саланың барометрі болып табылады. Дені сау анадан дені сау ұрпақ туады. Сапалы медициналық көмек, лайықты білім алған баладан отаншыл, мықты азамат шығады. Яғни, адами капиталды дамыту аналардың әлеуметтік жағдайын жақсартумен тікелей байланысты. Аналарымыз отбасының ғана емес, қоғамның да ұйытқысы екенін ұмытпауымыз керек.

Алдағы уақытта әлеуметтік салаға 2 триллион теңгеден астам қаржы жұмсалатынын білесіздер. Аз қамтылған көп балалы отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету үшін «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 40 мыңнан астам жалдамалы пәтер салынады. Өңірлерге жасаған сапарымда мен облыстардағы баспана құрылысының жүргізілу барысын жіті қадағалайтын боламын. Еңбекақыны өсіру, денсаулық сақтау саласын ілгерілету, демографияны дамыту, өңірлердегі инфрақұрылымдарды жақсарту сияқты жұмыстардың бәрі жоспарлы түрде іске асырыла береді. Бұл – бұлжымайтын жоспар.

Қоғамдық пікірге қозғау салған отандастар мәселесін қолдан саясаттандыруға болмайды. Шетелдегі қандастарымызды («оралман» деген сөзге мен қарсымын) Атамекенге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да. Әлемнің түпкір-түпкіріндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің парызымыз.

Елбасы әлеуметтік әділетті мемлекет құру бағытында орасан зор жұмыс атқарды. Биылғы Жастар жылының ашылуы және Nur Otan партиясының XVIII съезінде берген бес әлеуметтік бастамасы мен тапсырмалары кешенді жүзеге асырылатын болады.

►► *2-бетте*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫН ГАЗДАНДЫРУ ЖОБАСЫ

***мемлекеттік сараптамадан өтті***

**ҚР Парламент Мәжілісінде өткен дөңгелек үстелде «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы туралы сөз болды.**

– «Сарыарқа» газ құбыры алдымен Қызылорда, Жезқазған, Қарағанды, Теміртау мен Нұр-Сұлтан бағыты бойынша салынады. Бұл – құрылыстың алғашқы кезеңі. Осының арқасында құбырға жақын орналасқан 740 мың адамды табиғи газбен қамтасыз етуге мүмкіндік бар. Әрине, инфрақұрылымның салынуына қарай газ тұтынатын адамдардың саны артады. Өткен жылы тамыз айында Үкімет жобаның сызба-нұсқасы мен қаржыландыру шарттарын мақұлдады. Жобаның құны – 267,3 млрд теңге. Қараша айында «АстанаГаз ҚМГ» АҚ мен мердігер компания – «Қазқұрылысқызмет» АҚ арасында тиісті келісімшартқа қол қойылды. Қазіргі кезде барлық қажетті техника мен мамандар тартылды. Дәнекерлеу жұмыстары басталды. «Сарыарқа» газ құбырының, шамамен, 1300 метрі салынды, – деді ҚР Энергетика вице-министрі Мағзұм Мырзағалиев дөңгелек үстелде.

Вице-министрдің айтуынша, бүгінде Қарағанды мен Ақмола облысында, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласында газ құбырына қосылып, шикізатты халыққа тарату бойынша дайындық жұмыстары басталды. Жалпы, алдағы үш жылда аймақтарда газ инфрақұрылымын дамытуға қосымша қаржы қарастырылған. Бұдан бөлек, 2030 жылға дейін республикалық бюджеттен тағы шамамен 157 млрд теңге бөлінеді.

– Осы ақша Нұр-Сұлтан қаласын, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау мен Ақмола облыстарын газдандыруға жұмсалады, – деп атап көрсетті М.Мырзағалиев.

Дөңгелек үстелде сондай-ақ, Қарағанды облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ұлантай Үсенов аймақты газдандыру бойынша қолға алынып жатқан шаралары туралы бандады.

Оның айтуынша, «Сарыарқа» газ құбырының 80 пайызы Қарағанды облысымен өтеді. Соның аясында алты қалаға, яғни, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Шахтинск, Саран мен Абайға газ тартылады. Бұдан бөлек, облыстың 114 елді-мекенін табиғи газбен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

– Бүгінде Жезқазған қаласын газдандыру жобасы сараптамадан өтті. Оған 2,4 миллиард теңге бөлінеді. Қалада арнайы газ кешені салынады. Ол арқылы шамамен 10 000 адамға газ жеткізіледі. Бүгінде тағы екі қаланың жобасы сараптамада жатыр. Жалпы, Қарағанды облысын газдандыру жобасының құны – 250 миллиард теңге. Бүгінде халықпен бірге «АрселорМиттал Теміртау», «Қазақмыс», Жәйрем кен байыту комбинаты сияқты компаниялар да газды күтіп отыр. Олар өздерінің өндірістік нысандарын табиғи газға көшіруге әзір, – деді Ұ.Үсенов дөңгелек үстелде.

Басқарма басшысының сөзіне қарағанда, Қарағанды облысын газдандыруға кедергі жасап отырған бірқатар нормативтік мәселелер бар. Бүгінде республика бойынша газдандыру шараларын жүргізудің сызба-нұсқасы бар. Оның ішінде Қарағанды облысы да көрсетілген.

– Алайда мемлекеттік сараптама қызметі техникалық-экономикалық негіздемені талап етіп отыр. Ол құжаттың қажеті шамалы. Бірақ дәл соның салдарынан Қарағанды облысын газдандыру шаралары тежеліп отыр. Себебі әрбір елді-мекенге техникалық-экономикалық негіздеме жасау қажет. Ал ол жұмысқа бір жыл кетеді. Сосын жобалық-сметалық құжаттарға тағы бір жылдай керек. Сөйтіп, екі жыл уақыт текке кетейін деп тұр, – деп атап көрсетті Ұ.Үсенов.




**Жомарт ТАЙМАС**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының төрағалығымен кеңес өтті, деп хабарлайды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Баспасөз қызметі.**



Жиынға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесінің Басшысы М.Қасымбеков, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Көмекшісі – Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқарушысының Бірінші орынбасары А.Бисембаев, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесінің, сондай-ақ, Тұңғыш Президент Қоры мен кітапханасының құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері қатысты.

Жиын барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесінің қызметіне байланысты ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелердің аяқталғаны жөнінде баяндалды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесіне кадрларды іріктеу жұмыстарының нәтижелері туралы ақпарат ұсынылды.

Нұрсұлтан Назарбаев Тұңғыш Президент Кеңсесінің алдына қойылған міндеттердің уақытылы және тиімді орындалуын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

– Мен Тұңғыш Президент – Елбасының тиісті конституциялық заңмен реттелетін міндеттерін атқаруға кірістім. Сонымен қатар, мен Қауіпсіздік Кеңесінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасымын, «Nur Otan» партиясына басшылық етуді жалғастыра беремін. Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Осы қызметті қамтамасыз ету үшін Тұңғыш Президенттің Кеңсесі құрылды. Ұйымдастыру мәселелерінің барлығы шешілді. Енді бәріміз жүктелген міндеттерді орындауға кірісуіміз керек, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетті одан әрі дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттерді сапалы шешу мақсатымен ведомствоаралық өзара тиімді ықпалдастық орнатудың қажеттілігін айтты.

– Бүгінде Президент те, Үкімет те мен бекіткен бағдарламалық құжаттарда, Жолдауда қамтылған, сондай-ақ, партия съезінде айтылған міндеттерді орындау бағытында жұмыс істеуде. Бәріміз Қазақстанның игілігі үшін, еліміздің тұрақтылығын, бірлігі мен дамуын қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуге тиіспіз. Бұл – бәрімізге ортақ міндет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті қоғамдық маңызы бар бастамаларды жүзеге асырудың маңыздылығына баса мән берді. Бұл ретте, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тұңғыш Президент қорының талантты жастарға жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған жобаларын іске асырудың өзектілігі атап өтті.

Жиын қорытындысы бойынша Елбасы бірқатар нақты тапсырма берді.

## МАМИННІҢ АТЫНАН АШЫЛҒАН АККАУНТ – ЖАЛҒАН

**ҚР Премьер-министрінің баспасөз қызметі instagram әлеуметтік желісіндегі mamin_online аккаунты жалған екенін хабарлады.**

«Қазіргі таңда ол аккаунттың жұмысын тоқтату бойынша сәйкес шаралар қабылданған. БАҚ, сондай-ақ Instagram әлеуметтік желісінің қолданушыларынан тек ҚР Премьер-Министрінің Primeminister.kz ресми сайтында және Фейсбук, ВКонтакте, Твиттер, Instagram, Перископ және Одноклассники әлеуметтік желілерінде, Ютуб ресми арнасында нақтыланған аккаунттарында орналастырылған ақпаратты пайдалануларын сұраймыз» делінген баспасөз хабарламасында.

## ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРГЕ 425 МЫҢ ТЕҢГЕ ТӨЛЕНУІ МҮМКІН

**Жүктіліктің он екінші аптасына дейін есепке тұрған болашақ аналарға 425 мың теңге төленуі мүмкін. Денсаулық сақтау министрлігі заң жобасына осындай норма енгізуді көздеп отыр, деп хабарлайды Sputnik Қазақстан.**



Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов егер заң жобасына енгізілген өзгертулер қабылданса, онда жүкті әйелдерге 425 мың теңге төленетінін растады. Бірақ бәріне бірдей емес, тек жүктіліктің он екінші аптасына дейін есепке тұрған болашақ аналарға ғана.

Денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі заң жобасында жүкті әйелдерге ең төменгі жалақының он еселенген мөлшері шамасында төлем төлеу туралы норма қарастырылған.

Сондай-ақ, Біртановтың айтуынша, халық денсаулығы туралы жаңа кодекс аясында азаматтардың өз денсаулығына жауапкершілігін күшейту көзделіп отыр.

– Өкінішке қарай, қазір азаматтар өз денсаулығына салғырт қарайды, көп жағдайда дәрігерлердің араласқанын күтеді. Бірақ, тым кеш болып қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан шаралардың дені профилактикаға, соның ішінде, вакцинацияға бағытталған, – деді министр үкіметте өткен баспасөз мәслихатында.

Заң жобасында, тіпті, денсаулығына немқұрайлы қараған азаматтар үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу де қарастырылған.

– Біз ана мен баланың денсаулығына бағытталған шаралар кешенін ұсынуды жөн көрдік. Атап айтсақ, оларды дер кезінде есепке тұруға ынталандырғымыз келеді. Сондай-ақ, уақытында есепке тұрмайтын, дәрігерге қаралмайтын, екпеден бас тартатындар үшін әкімшілік жауапкершілік енгізуді ұсындық, – деді ведомство басшысы.

Қазір бұл ұсыныстардың барлығы талқыланып жатыр.

## МАМЫРДА НЕШЕ КҮН ДЕМАЛАМЫЗ?

**Қазақстандықтар мерекелі ай саналатын мамырда 11 күн демалады.**

Қазақстандықтар 1 мамырда Бірлік күнін, 7 мамырда Отан қорғаушылар және 9 мамырда Жеңіс күнін атап өтетіні белгілі. Жалпы, мамыр айында 20 жұмыс күні бар. Мерекелі күндерге байланысты ел тұрғындары 1, 7, 9 және 10-шы мамырда демалады. Қалған жұмыс күндері қалыпты тәртіпте қала бермек.

Еске сала кетсек, жалпы биыл қазақстандықтар 119 күн демалады. Қазақстандықтар ең көп демалған күндері – наурыз айына (14 күн) келді.

# «БАРЫМЫЗ ДА, БАҒЫМЫЗ ДА –ТӘУЕЛСІЗДІК»

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Мен бюджет саласының төмен жалақы алатын қызметкерлерінің еңбекақыларын бір ай бұрын – 1 маусымнан бастап өсіруді тапсырдым. Аталған шара миллионнан астам қызметкердің өміріне оң ықпал ететін болады.

Азаматтарды бірінші кезекте не толғандырады? Әрине, баспана мәселесі. Осыған байланысты әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар үшін 40 мыңнан астам жалдамалы пәтер бөлу қарастырылып отыр. Әкімдер бұл іске биылғы мамырдан бастап кіріседі. Біз, алдымен әр қазақстандықтың тұрмыс сапасын жақсартуды ойлаймыз. Сондықтан халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін инфрақұрылымдық сипаттағы мәселелерге назар аудару қажет. Бұл – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы, яғни жылумен және сумен қамтамасыз ету, кәріз жүйесі, сондай-ақ жолдар, газдандыру мәселелері, экология және қауіпсіздік түйткілдері. «Құтты мекен» және «Ауыл – ел бесігі» жобалары осы міндеттерді орындауға бағытталған. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін алдағы үш жылға триллионнан астам теңге қарастырылып отыр.

Алайда, Үкімет пен әкімдер бюджет қаржысы түпсіз құдық еместігін ұғынуы тиіс. Бөлінген қаржы нақты экономикаға жедел жетуін қамтамасыз ету қажет. Осы орайда, аталған жобаларға отандық өндірушілердің барынша мол тартылуын бақылауға алуды тапсырдым. Бұл әлеуметтік мәселелерді шешумен қатар өңірлердің экономикасын ынталандыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, өңірлер мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға белсенді атсалысуы қажет. Бүгінде әкімдіктер әлеуметтік көмектің оннан астам түрін көрсетеді. Олардың ішінде жәрдемақы төлеу, баспанамен қамтамасыз ету, жол жүру жеңілдіктері, тегін тамақ беру және басқалары бар. Алайда, тұтастай алғанда, өңірлерде әлеуметтік қолдау шараларына 5,3 пайызға жуық қаржы бөлінеді. Әлеуметтік төлемдердің айтарлықтай бөлігі республикалық деңгейде жүзеге асырылады. Қолданыстағы бюджет теңдестірілмеген және қайта форматтауды талап етеді. Бюджеттің толығу көздеріне жан-жақты сараптама жүргізілмейді. Екіншіден, бюджеттің «өндіріссіз шығындары» бар. Көптеген қажетсіз, жөнсіз шығынға жол беріледі.

Сонымен қатар халықтың нақты табыс табуына қатысты мәселелерді тек бюджеттік шығындар есебінен шешу мүмкін емес екенін де түпкілікті түсінгеніміз жөн. Біз бюджетке қатысты көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Мысалы, жергілікті әкімдер көлікті, жиһазды аса қымбатқа сатып алады. Оған қоса жергілікті атқару органдары түрлі имидждік іс-шараларды өткізуге құмар. Осындай шығындарды тоқтатып, жергілікті бюджет қаржысын әлеуметтік іс-шараларға жұмсау керек. Жалпы, ысырапшылдыққа тосқауыл қою қажет, сондай-ақ бюджеттің жымқырылуын мүлдем жою керек.

Масылдық пиғылға да жол бермеуіміз керек. Азаматтарымыз үшін ең ұтымды әлеуметтік қорғау – бұл өз бизнесін жүргізуге мүмкіндігінің болуы немесе білікті еңбегі үшін лайықты еңбекақы алуы.

**Нұртөре Жүсіп: Жастар жылына байланысты Үкімет жас отбасыларды қолдау жөнінде бірнеше шара дайындап отыр. Өзіңіз былтыр твиттер арқылы «тағы қаптаған форумдар, имидждік жобаларды ұйымдастыруға жол бермейік» деп пікір білдірдіңіз. Жалпы, жастарды қолдау қай тұрғыда жүргенін қалайсыз?**

– Тұңғыш Президент – Елбасы 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады. Жастар туралы пікірімді жоғарыда да айттым, жас ұрпақты қолдап, қорғау – болашақты қорғау.

Биыл «Жастар – ел тірегі» арнаулы әлеуметтік жобасы іске қосылды. Заңнамаға өзгерістер енгізу, бюджеттен қаражат бөлу, инфрақұрылымды дамыту биыл – Жастар жылында шешілуі керек.

Жастар жылы барысында жұмыспен қамту, баспанамен қамту, білім беру, өмірге бейімдеу, жастар кәсіпкерлігін дамыту, жас ғалымдарды қолдау шаралары жалғаса береді.

Елбасының пәрменімен дүниеге келген «Болашақ» бағдарламасы ширек ғасыр уақытта ел жастарына әлемнің үздік оқу орындарының есігін ашып берді. Мемлекет оқимын, тоқимын деп талпынған жас азаматтар үшін барлық жағдайды жасап отыр.

Осы сұхбатты пайдаланып, орта білім беру саласында үштілділік бағдарламасын жүзеге асырудың да маңызы зор екенін айтқым келеді. Ең алдымен, қазақ тілін және орыс тілін оқыту жүзеге асырылуы тиіс. Біздің балаларымыз үшін мұның мәні зор. Содан кейін ағылшын тілін үйретуге болады. Осылайша, біз болашаққа ашық көзбен қарайтын жаңа ұрпақты тәрбиелейміз.

Жастар саясатында, жастар тәрбиесінде науқаншылдыққа, тиімділігі төмен шараларды ұйымдастыруға жол бермеу керек. Сондықтан кез келген шараны ғылыми негізге сүйеніп, жүйелі түрде жүзеге асырғанымыз жөн. Жастардың алға қойған мақсат-мүдделерін білу үшін науқаншылдық емес, нақты зерттеулер қажет. Жүйелі әрі кешенді әлеуметтік зерттеу жүргізу арқылы жастардың мұң-мұқтажын, мақсат-мүдделерін анықтап, жастар саясатын сол қажеттіліктерге жауап беретін деңгейде ұйымдастыру маңызды. Біз жастарға білім беруді алдыңғы қатарға қоямыз. Тек білім ғана емес, отансүйгіштік рухта тәрибелеу ісін де басты назарда ұстау керек.

Дархан Қыдырәлі: Президент ауысқанда Үкіметтің де өзгеру ықтималдығы жоғары. Қазіргі Үкімет осы құрамда қала ма, әлде қандай да бір кадрлық өзгерістер бола ма? Жалпы, маман таңдауда қандай қағидат ұстанасыз?

– Президент ауысқанда Үкіметтің қоса ауысуы міндетті емес. Үкімет жақында ғана жасақталғаны белгілі. Қазір көптеген қауырт жұмыстар бар. Министрлерге нақты тапсырмалар берілді. Съезд тапсырмаларын орындау, көктемгі тасқын қаупінің алдын алу, егіс науқаны сияқты маңызды маусымдық міндеттер тұр. Сондықтан қазіргі кезде Үкіметті ауыстырудың қажеттілігін көріп тұрған жоқпын. Ал жекелеген Үкімет мүшелерінің қызметі олардың атқарған нақты жұмыстарына қарай бағаланатын болады.

**Дархан Қыдырәлі: Ел өзінің жаңа басшысын тек газет, теледидар, сайт арқылы ғана емес, тікелей көрсек, білсек, сұрақ қойсақ дейді. Осы орайда облыстарға, өңірлерге қаншалықты жиі шығасыз және алда қай аймақтарға баруды жоспарлап отырсыз?**

– Мен ешқашан бұқарадан алыс болған емеспін. Өздеріңізге мәлім, біраз жылдан бері твиттер желісі арқылы өз ойларымды бөлісіп келемін. Сенат Төрағасы қызметін атқарған кезімде де ел ішіне шығатынмын. Сондықтан өңірлерге шығып, елдің тыныс-тіршілігімен танысу жоспарда тұр.

**Нұртөре Жүсіп: Тұңғыш Президентіміздің «Алдымен – экономика, сосын – саясат» деген ұстанымы өзгермейді дейсіз ғой?**

– Дәл солай. Нұрсұлтан Назарбаев – әлемдік тарихқа аса көрнекті реформатор ретінде енді. Әлемдегі бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына қосылуымыз – Елбасының жүргізген сарабдал саясатының жемісі. Сондықтан шетелдік сарапшылар бұл реформаларды «Қазақстан жолы» немесе «Дамудың қазақстандық үлгісі» деп атайды. Қазір біздің еліміз – Орталық Азия өңіріндегі бірден-бір жетекші мемлекет. Даму жағынан посткеңестік елдер арасында алғашқылардың қатарындамыз.

Ұдайы экономикалық өсім болмаса, осы дәрежеге жетуіміз екіталай еді. Инвестиция, экспорт және индустрияландыру – экономикалық өсімді қамтамасыз етіп, оны әртараптандыруға қол жеткізудің шешуші факторлары. Қазіргі заманның қарқыны өте жылдам. Мемлекет пен бизнестің, сондай-ақ, орталық пен өңірлердің жұмыстарын үйлесімді түрде жүргізуіміз керек. Бүгінде Қазақстан шетел инвестициясын тарту үшін қолайлы ахуал орнықтырды. Инвестиция өз-өзінен келе салмайды. Біз, бірінші кезекте, әлеуетті инвесторларға жағдай жасауымыз қажет. Әсіресе, шетел инвесторларына жер телімдерін бөлу, олардың инженерлік және электр желілеріне қосылуы, түрлі рұқсаттар алуына қатысты айтарлықтай тосқауылдар бар. Мәселені жедел шешудің орнына бюрократияға жол беріліп отыр. Соның салдарынан бірқатар облыста әкімшілік кедергілер мен жасанды шектеулер іскерлік белсенділікті арттыруға мүмкіндік бермей отыр. Сол себептен әлеуетті инвестордың салы суға кетіп, ол басқа елді таңдауға мәжбүр болады. Бұл жағдай тек шетелдік қана емес, отандық инвесторларға да қатысты. Үкіметке және әкімдерге осы проблеманы жедел шешу мәселесін қарастыру жөнінде тапсырма бердім. Инвестиция салуға кедергі келтіретін кез келген тиісті лауазымды тұлғаның жеке жауапкершілігі қаралуы қажет. Биыл Тікелей инвестициялар қоры құрылды. Елбасының шешімімен Ұлттық қордан 370 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлінді. Қор өз жұмысын тиімді жүргізетін болса, осы жылдың ішінде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бар. Елімізге тартылған инвестициялар мен шикізаттық емес экспорттың көлемі министрлер мен әкімдердің қызметін бағалау ісінде шешуші көрсеткіш болады.

**Нұртөре Жүсіп: Қазақстан тәуелсіздігін алғалы бері әлемдік деңгейде көпвекторлы саясат жүргізді. Өзіңіз екі рет Сыртқы істер министрі ретінде осы саясатты жүзеге асырдыңыз. Бүгінгі халықаралық аренадағы ахуал күрделі. Алдағы уақытта еліміздің сыртқы саясатында қандай бағыт ұстанбақсыз?**

– Көпвекторлы саясат – Қазақстанның географиялық орналасуынан, геоэкономикасынан туындайды. Бұл – ұзақ мерзімді стратегиялық бағыт. Тәуелсіздік алғаннан бастап Елбасы осы жолды ұстанды. Бұл стратегияның нәтижесінде біз мемлекетаралық қақтығыстардан, аймақтық текетірестерден алыс болдық. Әлем бізді бітімгер мемлекет ретінде таныды. Бітімгерлік миссиясы бүгінде еліміздің сыртқы саясатының басымдығына айналды. Қазақстанды Азиядағы бейбітшілік платформасы деп айтуға толық негіз бар.

Қазақстан өзінің сыртқы саясатында Ресей, Қытай, Еуропа, АҚШ, Орталық Азия, Ислам әлемі елдерімен ынтымақтастыққа баса мән береді. Оған қоса, Қазақстан тәуелсіздік жылдарында біршама интеграциялық үдерістерге бастамашы болды. Бұл бағытта дәстүр сабақтастығы сақталады, саясатымыз өзгермейді. Көпвекторлы стратегия алдағы уақытта да Қазақстан дипломатиясының басым бағыты болып қала береді.

**Дархан Қыдырәлі: Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысы болған Пан Ги Мун кезінде Сіз туралы «Бұл қызметте ұзақ отырмай, еліңізге аса жауапты қызметке оралатыныңыз белгілі» деп жазған екен. Әлемдік деңгейдегі саясаткердің бұл болжамын көріпкелдік деуге бола ма?**

– БҰҰ-ның Женевадағы кеңсесін басқару – менің дипломатиялық жұмыс тәжірибемдегі елеулі сәттердің бірі. Бұл – әлемдік проблемалар көтерілетін әрі шешімін табатын БҰҰ маңызды өкілдігі. Әрине, сол кездегі Бас хатшы Пан Ги Мунмен бірге жұмыс істеп, онымен тұрақты байланыста болу құрметіне ие болдым. Ол кісінің бұл сөзі тек маған ғана емес, бүкіл Қазақстан дипломатиясына берілген жоғары баға деп есептеймін. Себебі бұл саладағы мамандарымыздың бәрі – әлемдік деңгейдегі кәсіби дипломаттар. Былтыр еліміздің БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайлануы және әлемнің жүзден аса елдерімен бейбіт байланыс орнатуы осының айқын дәлелі.

**Дархан Қыдырәлі: Сіз қашанда қазақ руханияты мен ұлт мәдениетіне жанашырлық танытып жүресіз. Қоғамда қазақ тілін дамытуға ерекше мән беріп келесіз. Елбасы 2020 жылға қарай елдегі барлық мектеп оқушыларының 90 пайызы мемлекеттік тілді меңгереді деп айтқан еді. Жалпы, мемлекеттік тілді дамыту үшін қандай шаралар атқарылу керек деп ойлайсыз? Қазақ тілінің дамуына көңіліңіз тола ма?**

– Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі.

Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады. Осы тұрғыда, балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді назарда ұстау қажет.

Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз.

**Нұртөре Жүсіп: Латын графикасына көшу жөнінде бірқатар шаралар атқарылды, емле-ереже қабылданды. Ендігі қадам қалай болмақ?**

– Кез келген ұлттың әліпби таңдауы тек жазу үлгісін таңдау емес. Бүгінде Қазақстан халқы да замана көшінен қалмай, латын графикасына негізделген әліпбиді таңдауға бел буып отыр.

Көрші мемлекеттердің көпшілігі латын графикасын таңдады. Әлемдегі ақпараттардың 90 пайызы латын графикасында жарық көреді. Ал ақпаратқа кім иелік етсе, ғылым мен технологияға да сол ие болады. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі – рухани жаңғырудың ең шешуші кезеңдерінің бірі. Бұл қоғамдық ой мен санаға түпкілікті өзгеріс жасайтын қадам. Осыған орай, Елбасының латын әліпбиіне көшу туралы жарлығы шықты. Елімізде қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпбиін пайдалана бастаған құрылымдар бар. «Egemen Qazaqstan» газетінің де бір беті осы әліпбимен жарық көріп жатыр ғой.

Латын әліпбиіне көшу кезең-кезеңімен жалғаса береді. Нақты белгіленген кесте бар. Сол жүйеден ауытқымаймыз. Бірақ, қоғамдық пікір, әліпбиді қолдану барысындағы артықшылықтар мен олқылықтар ескеріледі.

**Нұртөре Жүсіп: Ұлт ұстазы Абай Құнанбайұлы XIX ғасырдағы қазақтың мінез-қалыбын барынша өткір сынға алып еді. XXI ғасырдағы керден мінезге нені жатқызар едіңіз?**

– Даңғазалық, ысырапшылдық. Бізге даңғазалықты доғарып, ысырапшылдықтан арылу қажет. Осы туралы бұрынырақта, әлеуметтік желіде пікірімді де жаздым.

Ұлы Абай «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды» дейді. Бізге надандықтан құтылу қажет.

Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік, ұлттық ұстанымға адал, білімді, өткір, отаншыл жастарымыздың тұтас бір буыны қалыптасты. Біз соларға арқа сүйейміз. Олар Абай айтқан бес асыл іске берік – талапшыл, еңбекшіл, ойшыл, қанағатшыл, рақымшыл болса – онда біздің еліміздің болашағы жарқын, жұлдызы жоғары болмақ!

**– Уақыт тауып, әңгімелескеніңіз үшін көп рахмет!**

**Сұхбаттасқандар:**
**Д.ҚЫДЫРӘЛІ,**
**Н.ЖҮСІП**

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

# ҚОШАНОВ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСКЕ ЕСЕП БЕРДІ

**Сәрсенбі күні Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов облыстық Қоғамдық кеңес алдында есеп берді. Өз есебінде ол өңірдің өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтып, алдағы жұмыс жоспарымен бөлісті.**



Әкімнің айтуынша, билік жұмысының басты бағыты – адамдардың өмір сапасын жақсарту. Осы жылдың қаңтар айынан бастап облыс кәсіпорындарындағы 220 мың жұмысшының еңбекақысы 14%-ға өсті. Коммуналдық қызметтерге тарифтер орта есеппен 5-10%-ға төмендеді. Бұл тұрғындарға жылына 3,2 млрд. теңгеге дейін қаражаттарын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Ерлан Қошанов сонымен қатар, халықты толғандыратын басты мәселелердің бірі – тұрғын үй және инфрақұрылым екенін атап өтті. Аталмыш салаға қатысты өткен жылы өңірде 4135 пәтер пайдалануға берілді.

– Облыста 36 мыңға жуық кезекте тұрғандар бар. Сондықтан да біздің міндетіміз – барынша көп баспана салу. Құрылыс Қарағанды қаласында ғана емес, Жезқазған, Балқаш және басқа қалалар мен аудандарда да белсенді түрде жүргізіле басталды. Биыл тағы 440 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Кезекте тұрғандар қатарынан 1100-ден астам отбасы пәтер алады, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Жеке құрылыс компаниялары үш жыл ішінде «7-20-25» бағдарламасы бойынша 3,5 мың пәтер салуды жоспарлап отыр. Олардың 1000-нан астамы осы жылы тапсырылады.

Сондай-ақ, облыстық бюджеттен бастапқы жарнаны субсидиялауға тұрғын үй сертификаттары үшін бір млрд. теңге бөлінді. Оларды бағдарламаға қатысушы 1000-нан астам отбасы алады.

Қоғамдық кеңес мүшелерін мұғалімдер мен басқа да бюджет қызметкерлеріне арналған тұрғын үй, жол жағдайы, студенттерді жатақханадағы орындармен қамтамасыз ету мәселелері қызықтырды.

Ерлан Қошанов қазір облыста жатақханаларда 2350 орын жетіспейтінін растады.

– Жұмыс Елбасының 5 әлеуметтік бастамасы аясында жүргізілуде. Балқашта, Абай мен Қарағандыда колледж студенттеріне арналған жатақханалар салынды. Биыл Қарқаралы қаласында 100 орындық тағы бір жатақхана құрылысын бастаймыз. Сондай-ақ, медицина университеті биыл бірінші жатақхананың құрылысын бастауды жоспарлап отыр. Олардың барлық құжаттары бар, жер телімін біз бөлдік. Техникалық университет басшылығы инвестор тапты. Жақында олар да құрылысқа кіріседі. Алдағы екі жылда облыстағы жатақханалар мәселесі жабылады – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, облыс әкімі өңірдегі су тасқыны жағдайы туралы да тоқтала кетті. Әкімнің айтуынша, облыс бойынша жағдай тұрақты және бақылауда. Бұл үлкен дайындық жұмыстарының арқасында мүмкін болды. 77 елді-мекенде қорғаныс дамбалары мен үйінділері салынды, өзен жағалаулары нығайтылды.

– Алдын алу шараларының арқасында елді-мекендердегі су басуға жол берілген жоқ. Бүгінде барлық қызметтер тәулік бойы жоғары дайындық режимінде жұмыс істеуде, – дейді Ерлан Қошанов.



## ҚАРАҒАНДЫ ӨҢІРІНДЕ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТАЛДЫ

**Қарағанды өңірінде су тасқыны жағдайы тұрақталды. Облыс өзендерінде су деңгейінің айтарлықтай төмендеуі байқалады.**

**Сондай-ақ, негізгі су қоймаларындағы ағындар мен төгінділер төмендеді, деп хабарлайды облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.**

Қазіргі уақытта су тасқыны құбылыстары облыстың 3 ауданында (Бұқар жырау, Абай, Нұра аудандары) сақталып отыр.

Соңғы бір тәулік ішінде 121 133 текше метр көлемінде су сору жұмыстары жүргізілді, 80 м қорғау үйінділері салынды, 15780 дана қаптар төселді, 7210 тонна инертті материал себілді.

Самарқанд су қоймасынан су ағызудың көлемі 385 $м^3$/с дейін азаюына байланысты Садовое ауылындағы қорғаныс үйіндісінің арғы жағындағы су деңгейі 30-40 сантиметрге төмендеді. 4 мотопомпамен келетін еріген сулардың деңгейін инертті материалдарды себу және қаптармен нығайту жалғасуда.

Көлік қатынасы жаңартылып, республикалық маңызы бар автожолдар учаскелерінде су жүру тоқтады. Су тасқыны жағдайы тұрақты бақылауда деген хабарламада.

*Бет материалдарын әзірлеген*
**Дархан МҰХАН**

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТА

# ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЖАСАҚТАЛДЫ

**Биыл «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға сай, Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесінің жаңа құрамы сайланатынын хабарлаған болатынбыз. Қоғамдық кеңесті жасақтау жөніндегі жұмыс тобы жасақталып, хабарландыру жарияланған соң 4-18 наурыз аралығында Жезқазған қалалық мәслихаты жанындағы жұмыс тобына 22 үміткерден қоғамдық кеңес мүшелігіне өту жөнінде өтініш түскен.**



– Қоғамдық кеңеске мүшелік ететіндердің сотталмаған болуы, наркологиялық және психодиспансерлік есепте тұрмауы маңызды. Сондықтан, әр үміткер жіті тексеріледі. Дегенмен, Қарағанды облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармасының мәліметі бойынша өтініш бергендердің ішінде екі үміткер қоғамдық кеңеске мүшелік ете алмайды. Олардың қандай да бір құқық бұзушылыққа қатысты болғаны анықталып отыр. «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік мекемелердің үш өкілі қоғамдық кеңеске тікелей мүшелікке өтеді. Биыл мемлекеттік органдардан қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова, Жезқазған қаласының жергілікті полиция қызметінің басшысы Аманжол Кәрімов пен Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Бақыт Битенова кеңеске мүшелікке ұсынылды, – деді жұмыс тобының отырысын ашқан қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев.

Жұмыс тобының отырысында қоғамдық кеңестегі қалған орындарға үміткерлер ашық дауыс беру жолымен сайланды.

Жұмыс тобының көпшілік дауысымен Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесіне Қанат Балмағамбетов, Рақыш Идрисова, Сағындық Қожамсейітов, Төлеген Бүкіров, Рақым Арыстанбаев, Қадыр Үңгітбаев, Валентин Куприянов, Жұмакүл Қалмағанбетова, Дархан Мұхан, Жүрсінбай Лекеров, Нина Барбутько мүшелікке өтті.

Қолданыстағы заңға сай жұмыс тобының шешімі Жезқазған қалалық мәслихатының сессиясында бекітіліп, жаңадан жасақталған қоғамдық кеңестің мүшелері өз арасынан кеңестің төрағасы мен президиум құрамын сайлайды.

Естеріңізге сала кетсек, 2018 жылдың желтоқсанында өкілеттігі тоқтатылған қоғамдық кеңеске алдымен Бауыржан Шыңғысов, одан кейін Қанат Балмағамбетов төрағалық еткен болатын.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

***№33/398*** ***2019 жылғы 04 сәуір***

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 02 қарашасындағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 9-бабының 5-тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1194 қаулысымен бекітілген «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге» сәйкес, өткізілген конкурстың нәтижелері мен Жезқазған Қоғамдық кеңесін құру жөніндегі жұмыс тобының ұсыныстарын назарға ала отырып қалалық мәслихат ***ШЕШІМ ЕТТІ:***

1.Қосымшаға сәйкес Жезқазған қаласының Қоғамдық кеңес құрамы бекітілсін.

2.Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

**Сессия төрағасы Х.БӨЛЕН**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 04 сәуірдегі №33/398 шешіміне қосымша*

### ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

| № | Аты-жөні | Қызметі |
|---|---|---|
| 1 | Бахыт Рахманқызы Битенова | Жезқазған аумақтық қалалық сайлау комиссиясының төрағасы |
| 2 | Мереке Батырбекқызы Мырзабекова | «Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы |
| 3 | Аманжол Бақытжанұлы Кәрімов | Жезқазған қалалық полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімінің басшысы |
| 4 | Рахым Арыстанбаев | Қоғамдық қайырымдылық қорының төрағасы, |
| 5 | Төлеген Нұрмағанбетұлы Бүкіров | «Казақмыс» корпорацисы» ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» ҚБ төрағасы, |
| 6 | Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов | «Казақмыс» корпорациясы» ЖШС бас маманы |
| 7 | Нина Андреевна Барбутько | «Подробности» ЖШС-гі газетінің бас редакторы |

| № | Аты-жөні | Қызметі |
|---|---|---|
| 8 | Рахыш Нәшкенқызы Идрисова | «Ұлытау қыздары» ҚБ төрағасы, |
| 9 | Сағындық Қожамсеитов | Жезқазған қаласының және Ұлытау ауданының Құрметті азаматы |
| 10 | Жұмакүл Абдықадырқызы Қалмағамбетова | «Каратал» ӨК бас дәрігері |
| 11 | Валентин Васильевич Куприянов | Мемлекеттік қызмет ардагері |
| 12 | Жүрсінбай Дүйсенбайұлы Лекеров | Кәсіпкерлер палатасы Жезқазған қаласы филиалының директоры |
| 13 | Дархан Қабылдашұлы Мұхан | «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС директоры-бас редактор |
| 14 | Қадыр Үңгітбайұлы Үңгітбай | «Ұлытау, Жезқазған, Сәтбаев қалаларының ақсақалдар кеңесі» ҚБ-нің мүшесі |

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# МҰСЫЛМАНДАР ҚОРЫМЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛҚЫЛАДЫ

**«Дидар» телеарнасының баспасөз орталығында Қарағанды облысының, Жезқазған және Сәтбаев қалалары мешіттерінің бас имамдары жиналып жергілікті мұсылмандар қорымы төңірегінде әңгіме өрбітті.**

Жиында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қарағанды облысындағы өкіл имамы Өмірзақ Бекқожа адам жерлеудегі санитарлық, тазалық шараларын ұстану керектігін алға тартты. Адамды жерлеуде пайдаланған күрек, шелек сынды құрал-жабдықтарды үйге апармай, сол мола басында қалдырып кету керек деген түсінік барын айтқан имам осындай ұғым-түсінік салдарынан кейін тұрғындар қорым қоқыстан көрінбейді деп дабыл қағатынын алға тартты. Осы ретте, тұрғындар өздері қалдырған құралдар уақыт өте келе қоқысқа айналатынын ұмытып кетеді. Өмірзақ Қаскенұлы осы мәселені ескеру керектігін жеткізді.

Дөңгелек үстел барысында көтерілген мәселенің тағы бірі – Жезқазған-Қарағанды тасжолындағы «қабірстанның» қоршаусыз жатқаны. Сәулет және қала құрылысы бөлімінің маманы Гүлшат Махатова қалалық мұсылмандар зиратына 1 және 2 ауыл, яғни ботаникалық бақтың жанында жер телімі бөлінгенін айтты. Сонымен қатар, маманның келтірген мәліметіне сәйкес 2017 жылы қорымды кеңейту мақсатында 24,2 га қосымша жер бөлінді. Ал, аталмыш тасжолдың бойында орналасқан «қабірстан» қаланың бас жоспарында қарастырылмаған. Бірақ, биыл сол зираттың шекарасы белгіленіп, онда жерлеу рәсімдеріне тыйым салынбақшы. Яғни, қорымға қоршау жасалып, тыйым салынған тақтайша ілінеді.

«Жезқазған, Сәтбаев қалалары және Ұлытау өңірінің ақсақалдар кеңесі» қоғамдық бірлестігінің жауапты хатшысы Мұрат Қазанбаев қалада жерлеу рәсімін өткізуге арналған мекеме немесе ұйым керектігін алға тартты. Шынымен де, қайғы орын алған үйде отбасы мүшелері қайғыдан қан жұтып отыруға уақыт таппай, жерлеуге арналған көлік іздеп, жер алу сынды мәселелермен айналысуға мәжбүр болады.



Жиынға қатысқан ақсақал Қадір Үңгітбаев тасжолдағы қорымды жақын уақытта қоршамаса, зираттардың қалаға кіруіне сәл-ақ қалғанын айтып дабыл қақты. Жамағат арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігін де жеткізді ол.

Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Қуанышбек Сансызбаев ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын мешіттегі жұма уағыздарында жүргізуді ұсынды.

Жезқазған қаласының Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы Нұрбол Тағаев, Сәтбаев қалалық Балмағанбет Балқыбайұлы атындағы мешіттің бас имамы Қоңдыбай қажы Ақбаров өз кезектерінде бірлесе жұмыс істетуге дайын екендерін айтты.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# ЖАЙЛЫ ВАГОН – ЖАҢА СЕРВИС



**307/308 «Жезқазған-Нұр-Сұлтан-Жезқазған» бағыты бойынша жолаушылар тасымалдайтын пойызға мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған вагон қосылды.**

Халықтың жағдайы жақсарып, барыс-келіс көбейген сайын теміржолдағы жолаушылар тасымалының маңызы арта түскендігі сезіледі. Өйткені, теміржол вокзалдарындағы адамдар қарасы жылдан жылға молая түсуде.

«Марал-Нұр» ЖШС аталмыш бағыт бойынша 2009 жылдан бастап қызмет көрсетеді. Жолаушыларды тасымалдау сапасын жақсарту мақсатында 2017 жылы бес купе және 2018 жылы бес плацкарт вагондарын сатып алды. Енді биыл мүмкіндігі шектеулі жандардың тасымалдауын жеңілдету үшін арнайы екі вагон қосты. Вагон арбаға таңылған жандарды тасымалдауға арналған пандуспен жабдықталған. Арнайы купенің төсек орындары жайлы, отырып, жатуға ыңғайлы. Жол серіктерін шақыруға арналған тетік, көруі қиын жандарға Морзе алфавитімен жабдықталған. Сонымен қатар, бөлек дәретханасы да бар.

Жөндеу және пайдалану учаскесі басшысының орынбасары Руслан Шалабаевтың айтуынша, тасымалдау сапасын жақсарту жұмыстары мұнымен шектелмейді. Мамыр айында «Қызылорда-Нұр-Сұлтан» бағыты бойынша қатынайтын пойызға да дәл осындай вагон қосылып, жолаушылардың жүріп-тұруы жеңілдемек.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

ӘРІПТЕСТІК

**«Нұр Отан» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы, «Қазақмыс» компаниялар тобының «КәсіпҚорған» салалық кәсіподақ ұйымы мен «Jastar Bolashaq» жастар одағы үшжақты меморандумға қол қойды.**

# МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ



Ғ.О.Омаров атындағы шахтапроходкалау тресті ғимаратында корпорацияға қарасты кәсіпорындарда қызмет атқаратын қоғамдық ұйымдар бас қосты. Мұндағы басты мақсат – атқарылатын жұмыстың бағытын айқындап, сол жолда нәтижелі жұмыс жасауды көздеді.

Жиында «Нұр Отан» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов, «КәсіпҚорған» кәсіподақ ұйымының төрағасы Тоғызбай Тәжбенов және «Jastar Bolashaq» жастар одағының төрағасы Сабыржан Тембаев сөз алып, бұл келісімнің дәл «Жастар жылында» жүзеге асып жатқанын атап өтіп, меморандум жас мамандарға мол мүмкіндік беретінін атап өтті.

Әлеуметтік серіктестік негізінде қол қойылған меморандумға сәйкес үш жақты келісім бойынша еңбек ұжымдарында саяси және өндірістік тақырыптарда ақпараттық-ағарту, түсіндірме жұмыстарын жүргізеді, бірлескен жұмыс жоспарын құру үшін қоғамдық кеңес комиссия құрады, корпорацияның қоғамдық өмірін жақсарту үшін бұқаралық-саяси, мәдени-спорттық шаралар, қайырымдылық акциялар ұйымдастыра алады.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ ӨЗГЕРІС КӨП




**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының барлық филиалында «2019 жылы күшіне енген, ҚР зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер» тақырыбында ашық есік күні шарасы ұйымдастырылды.**

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудағы басты мақсат – зейнетақы төлемдерінің тиімділігін арттыру. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыстар мен қызметтер атқаратын жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын төлеу рәсімін оңайлату мақсатында зейнетақы заңнамасына мынадай өзгерістер енгізілді:

– егер азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттардың бір тарабы салық агенті болса, жеке тұлғаларға, олардың ішінде фрилансерлерге берілетін табыстан міндетті зейнетақы жарналарын осы салық агенті төлейтін болады;

– егер азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жеке тұлғамен жасалған болса, міндетті зейнетақы жарналарын төлеу – фрилансердің міндеті емес, құқығы болып табылады;

ю егер жеке тұлға жалдамалы жұмысшы болса және азаматтық-құқықтық сипаттағы шартты салық агенті болып табылмайтын жеке тұлғамен жасаса, онда осы шарт бойынша міндетті зейнетақы жарналарын төлеу – оның міндеті болып есептелмейді. Бұл ретте жарналарды есептеу үшін алынатын ең жоғары жиынтық жылдық табыс республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінің 12 еселенген сомасынан аспауы тиіс.

Биылғы жылғы жаңа енгізілімдердің бірі – жеке зейнетақы шоттарының автоматты түрде ашылуы. Яғни, 2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап жеке тұлғаға міндетті зейнетақы жарналары бойынша шот ашу үшін қорға жүгінудің қажеті жоқ. Жеке тұлғаның қорда міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша шоты жоқ болса, онда алғашқы жарна түскен сәтте шот автоматты түрде ашылады.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) іске қосылды. Сол арқылы қатарынан төрт төлемді: мемлекеттік кірістер органына төленетін жеке табыс салығын; БЖЗҚ-ға төленетін міндетті зейнетақы жарналарын; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымды және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік жарнаны жүзеге асыруға болады.

Бұдан басқа, 2019 жылдың 25 қаңтарынан бастап жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпаратты электрондық үкімет порталы арқылы алу оңай бола түсті. Осы күннен бастап кез келген салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмені тек электрондық цифрлық қолтаңба ғана емес, бір реттік sms-парольдің көмегімен де ала алатын болды. Бұл үшін салымшы (алушы) электрондық үкімет порталының жеке кабинетінде тіркеліп, үзінді көшірме алуға сауал жолдауы тиіс. Сонымен қатар, биылдан бастап «Е-нотариат» жүйесі мен БЖЗҚ ақпараттық жүйесінің өзара ықпалдастығы артып, енді нотариустар «Е-нотариат» бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйесі арқылы өздерінің өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша қайтыс болған салымшылардың қордағы салымдары бойынша ақпаратты алу үшін БЖЗҚ-ға онлайн тәртібінде сауалдар жолдай алады.

Зейнетақы жүйесіне енгізілген осы өзгерістерден хабардар болған тұрғындар өздерін мазалаған сұрақтарға да тұщымды жауап ала білді.

**Өз тілшіміз**

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА




# РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

**«Азия» оқу орталығында үкіметтік емес ұйымдардың ресурстық орталығы ашылды.**

Азаматтық сектор қоғамның дамуына айтарлықтай үлес қосып келеді. Сол себепті жыл өткен сайын Қарағанды облысында, әсіресе, мысты қалада «үшінші секторды» дамытуға жете мән берілуде. Соның бірден бір дәлелі – ресурстық орталықтың ашылуы. Қалалық ішкі саясат бөлімінің тапсырмасымен ашылған орталықтың жұмысына «Даму-Ұлытау» қоғамдық бірлестігі жауап береді. Ресурстық орталықтың ашылуына ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Жанар Жетпісбай, қаламыздағы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Ресурстық орталық үкіметтік емес сектордың жұмысын жақсартып, жетілдіру және белсенді жүргізу мақсатында құрылды. Қажет жағдайда құқықтық кеңес алуға болады және ақпарат ресурстарын пайдалануға мүмкіндік бар. Бұл орталық тәжірибе алмасу орны болмақ. Қазір қаламызда көптеген үкіметтік емес ұйым жұмыс жасайды. Олар демократиялық процестердің дамуына, түрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, жалпы қоғам өміріндегі проблемалардың оң шешілуіне белсенді қатысып, өз үлестерін қосуда.

Орталықтың ашылуына қатысқан ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Жанар Жетпісбай сөз алып, бұл жобаның мақсаты – өңіріміздегі үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігін, кәсібилігін арттыру, осы саладағы жұмыстарды жаңа арнаға бұру болып табылатынын атап өтті.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

# «АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» – АҚИҚАТТЫҢ АЙНАСЫ

**Ұлттың өзгелермен терезесі теңелуі үшін оның ұлттық сана деңгейі көтерілуі шарт. Ұлттық мүдде, ұлттық намыс дегеннен жоғары тұратын ұғым болмайтыны баршамызға белгілі. Жалпы ұят жетілмей, қараңғылық тұманы басып тұрғанда, таланттылардың көбін сол тоғышарлық құрдымы тартып кетеді. Ал, қазақ халқы болса бағзы заманнан бері адалдықты, әділдікті, шындықты ту етіп көтерген. Кез келген зұлымдық пен әділетсіздікті ушықтырмай бір ғана қара қылды қақ жарар салмақты сөзбен басып отырған. Қазақ халқының даналығы да, даралығы да осында.**



Өкінішке қарай, заманның зұлмат көшіне бірауыздан төтеп бере алмай, бәйгеден есек озып, қара сөзден өсек озған бұл қоғам түбегейлі өзгеріп кетті. Адам баласы ұсақталып, ұлттық мүдде, ұлттық құндылық деген ұлы ұғымдар өз мәнін жоғалтқандай. Адамды адам ететін басты қасиет сана мүлдем бұғатталды. Осы сананың саяздығынан да адалдықты алауыздық, әділдікті алаяқтық алмастырып, жеу, ұрлау, жымқыру деген құбылыстар ұлтымызды артқа тартып отыр. Адамға жақсылық жасау жанына жат, жамандыққа келгенде жанып түсетін жемқор, парақор, санасыз сотқарлардың сиремей жатқаны да осы себептен.

Дегенмен, арсыздық, санасыздықты түбегейлі жоймасақ та, оны болдырмауға, алдын алу жолында егемен елімізде барлық жағдай жасалған. Мемлекетіміздің басты межесі де, осы санасыздықтың салдары болып табылатын жемқорлық ұғымын жойып, әділетті қоғам ретінде дамыған елдердің көшін бастау. Ал, әділетті қоғам болу үшін, оның әрбір мүшесінің көкірек көзі ашық, жақсылыққа құштар, жаны ізгі болуға тиіс. Бұған қатысты ұлы данамыз Абай: «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» – деп кесіп айтып кеткен. Сондай-ақ, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, әділеттің орнауы – адамдардың ұятына, әділдігіне, мейірбандығына, ар тазалығына байланысты болмақ.

Осындай ұлы ойшылымыз болған халқы ендігі кезекте баба мұратын сақтап, Мәңгілік ел болуға ұмтылуымыз міндет. Өз кезегінде Мәңгілік ел болуға парақорлық іспетті індет кедергі болары айдан анық. Әрине, ешбір дамыған мемлекет жемқорлықты түп-тамырымен жоя алмаған, алайда, оған ықпал етер себеп-салдардың алдын алу кез-келген елдің, кез-келген қоғамның қолынан келеді деп ойлаймын.

Осы орайда, адалдық пен әділдіктің ұйытқысы болған Агенттіктің бастауымен іске қосылған «Адалдық алаңы» атты үлкен жоба жүзеге асырылуда. Жобаның басты міндеті – «тұрмыстық» жемқорлықты жойып, қарапайым халықтың алаңсыз өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау. Жоба аясында еліміздің барлық саласында бірқатар іс-шаралар атқарылып, азғантай уақыт ішінде халық арасында оң бағасын алып үлгерді.

«Адалдық алаңы» жобасының бір ерекшелігі, еліміздегі жаңа ілім, жаңа ұғым, басқарудың жаңа құралы «жобалық менеджмент» саласының қолданылуында. Яғни, белгіленген мерзім ішінде көздеген мақсатқа қол жеткізу. Ал мақсат анық, бағдар айқын, ол жемқорлықтың алдын алып, сананы өзгерту, ояту. Жоба ең алдымен, адамның санасына сәуле түсіріп, адамды, қоғамды түзетуге бағытталған. Сондықтан, адалдық, әділдік жолындағы басты құндылығымыз – қоғам, ал қоғамды өзгертер күш – білім мен адал еңбек.

Демек, еңбекке немқұрайлы қараушылыққа, жалқаулыққа, қоғамды жұтатып, тоқыраушылыққа ұшырататын әлеуметтік жүдеулікке әкеліп соқтыратын алаяқтық пен жемқорлыққа қарсы бір ағзадай қоғам болып төтеп беру ауадай қажет-ақ. «Еңбек жоқ, қарекет жоқ, қазақ кедей, тамақ аңдып қайтеді тентіремей» заманына қайта оралмас үшін алауыздық пен әділетсіздікке ұйытқы болған жемқорлық зұлымдығына қарсы бірлесіп әрекет етейік. Тегінде ақыл, ғылым, мінез, ар, адалдық сынды құндылықтарға ие адам ғана қоғам көшін бастайды.

**Жандос СӘРСЕНОВ,**
**Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы**

**Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі күнделікті қарбалас іс-шараларды орындауға байланысты процестерді автоматтандыру деңгейіне байланысты. Бизнес-үдерістерді кең ауқымды автоматтандыру және ақпараттық жүйелерді біріктіру – мемлекеттік аппараттың тиімділігі мен ықшамдылығын қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі.**

# «Е-ҚЫЗМЕТ» – ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСІ

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында 2015 жылы «Ақпараттық Қазақстан-2020» бағдарламасының төңірегінде Президент Әкімшілігінің тапсырмасымен облыстың барлық мемлекеттік мекемелерінде «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесін енгізу қолға алынды. Жүйенің басты мақсаты агенттіктің және мемлекеттік органдардың персоналын басқару қызметін автоматтандыру, халықаралық тәжірибеге сәйкес мемлекеттік органдардың персоналын басқару, «онлайн» режимінде орталық және аумақтық деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлер бойынша барлық ақпаратты алу болып табылады.

«Е-қызмет» жүйесінде мекеменің кадрлық есепке алу процесін автоматтандыратын, қызметкерлерді штаттық бірліктерге іріктеу және кадрлық іс-қағаздардың құжаттау тәртібі және құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптардың толыққанды функционалы іске асырылады. Бұл өз кезегінде персоналды басқарудың ашықтығына алып келеді және жұмыс өнімділігін түбегейлі арттырады, қағазбастылықты жояды, уақытты үнемдейді. Жүйеде жасалған барлық құжаттар электронды қоймада сақталады, яғни құжаттардың жоғалу қаупі жойылады.

Кадрлық іс-жүргізуді автоматтандыру персоналды басқару мамандарының күш-жігерін қарбалас операциялардан босатып, олардың зияткерлік ресурстарын мемлекеттік қызметшілерді дамытуға бағыттайды. Бұл «құжаттармен жұмыс істеуден» «адамдармен жұмыс істеу» жолына өтуге көмектеседі.

Бүгінгі күні «Е-қызмет» жүйесінде облыстың 554 мемлекеттік мекемесі, оның ішінде 76 орталық мемлекеттік органдардың облыстық және аудандық бөлімшелері, Қарағанды облысының әкімдігі, Қарағанды облысының мәслихаты, Қарағанды облысының тексеру комиссиясы, 26 облыстық басқармалар, 20 қала және аудан әкімдігі, 18 қала және аудан мәслихаттар аппараты, 211 қала және аудандық атқарушы органдар, 200 ауылдық округтер әкім аппараттары бар.

Мемлекеттік органдардың «Е-қызмет» жүйесіндегі белсенділігі бір әкімшілік мемлекеттік қызметшіге автоматты режимде жасаған құжаттар санымен есептеледі. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдармен 21815 құжат автоматты режимде жасалған, бұл жалпы құжаттар санының 96%-ын құрайды. Ал, орта есеппен бір әкімшілік мемлекеттік қызметшіге жасалған құжат саны – 6,98. Оның ішінде ең жоғары нәтиже Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына (17,86), Қарағанды облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасына (16,78) тиесілі. Әкімдіктерге келетін болсақ, Шахтинск және Балқаш қаласы, ал, мәслихаттардан Шет ауданы жақсы нәтиже көрсетті. Бұл жерде құжаттардың аз немесе көп болуы мемлекеттік органның жұмыс ерекшелігіне байланысты болатынын ескерген жөн.

Былтырдан бастап мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерінің кадрлық жай-күйінің тоқсандық есептер жүйе арқылы тапсырылуда. Бұл облыстық, аудандық және қалалық мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметінің уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне келмей, жергілікті жерлерде тапсыруға мүмкіндік берді.

Есептердің дұрыс құрылуының басты шарты персоналды басқару қызметшісінің мемлекеттік қызметшілердің жеке істерін дұрыс жүргізу және кадрлық іс-қағаздарды уақытылы жүйеге енгізу болып табылады.

«Е-қызмет» жүйесін автоматты режимде белсенді пайдалану және оның кең таралуы персоналды басқарудың тиімділігінің кілті. Осындай заманауи жүйенің арқасында мемлекеттік мекемелердің персоналды басқару қызметінің және мемлекеттік аппараттың тиімділігі артады. «Е-қызмет» жүйесін мемлекеттік мекеменің бірінші басшысынан бастап қарапайым қызметшілеріне дейін белсенді пайдалануы тиіс.

Бүгінгі күні бүкіл әлем дамудың жаңа сатысына көшті, дамыған елдердің көбісі өз елдерінің өндірісін, мемлекеттің дамуына тікелей қатысы бар салалардың барлығын цифрландыруда. Осыған орай бұл салаға басты назар аударылғандығына сеніммен айтуға болады. Сол себепті сандық дәуірдің мемлекеттік қызметшісі жаңа технологиялардың белсенді пайдаланушысы болуға міндетті.

**Жанар ҚАЙЫР,**
**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы**

# АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БОЙЫНША ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН 10 СҰРАҚ

**ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі биылғы жылдың 1 сәуірінен бастап көрсетілетін атаулы әлеуметтікке ең жиі қойылатын 10 сауалдың жауабын жария етті.**

Министрліктің мәліметтеріне қарағанда, атаулы әлеуметтік көмек – бұл аз қамтылған азаматтарға және табыстары төмен деңгейдегі отбасыларға, оның ішінде көпбалалы отбасыларға берілетін ақшалай төлем.

**– Атаулы әлеуметтік көмектің жаңартылған форматына өтініштерді қабылдау қашан басталады және өтінішті қай жерге барып беру керек?**

– Жаңартылған атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге өтініштерді қабылдау 2019 жылғы 1 сәуірден басталады. Ол үшін тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығына немесе халыққа қызмет көрсету орталығына бару қажет.

Егер отбасы ауылдық жерде тұрса кент, ауыл, ауылдық округтердің әкімдеріне жүгінеді.

**– Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қандай құжаттар қажет?**

– Өтініш беру және сәйкестендіру үшін тек жеке куәлікті ұсыну қажет. Басқа құжаттар қажет емес.

**– Жәрдемақыны толық мөлшерде алу үшін құжаттарды айдың басынан беру қажет пе?**

– Жоқ, міндетті емес. Атаулы әлеуметтік көмек өтініш білдірген айдан бастап тағайындалады және өтініш берген күнге байланысты емес. Мысалы, егер Сіз құжаттарды уәкілетті органға 20 сәуірде тапсырсаңыз, онда төлемді де толық көлемде бір ай үшін аласыз.

**– Атаулы әлеуметтік көмек алу үшін тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелу қажет пе?**

– Иә, қажет. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін тұрғылықты мекенжай бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу болуы қажет.

**Жәрдемақыны есептеген кезде бірге тұратын туыстардың барлық табыстары есепке алынатыны рас па? Бұл норма қайта қаралады ма?**

Атаулы әлеуметтік көмекті 2019 жылғы 1 сәуірге дейін тағайындаған кезде отбасының бірге тұратын, ортақ шаруашылық жүргізетін барлық мүшелері есепке алынады.

Алайда, Министрлік «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» ҚР Заңына отбасы құрамын нақтылау бөлігінде толықтырулар енгізуде.

Осылайша, 2019 жылғы 1 сәуірден бастап отбасының құрамында тек жақын туыстар, яғни ата-ана, балалар, бала асырап алушылар, асырап алынған бала, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек бауырлар мен апа-қарындастар, ата, әже, немерелер есепке алынады.

**– Жәрдемақы алу үшін отбасының бір мүшесінде қандай табыс болуға тиіс және жәрдемақының мөлшері қандай?**

– Егер отбасының бір адамға шаққандағы айлық табысы 20 789 теңгеден аспаса, отбасыға атаулы әлеуметтік көмек төленеді. Бұл ретте кәмелетке толмаған балаларға 20 789 теңге мөлшерінде, ал ересектерге отбасының жан басына шаққандағы табысы мен АӘК критерийлерінің мөлшері арасындағы айырма төленеді.

Мысал ретінде екі ересек ата-ана мен алты кәмелет жасқа толмаған баладан тұратын отбасын алайық. Ай сайынғы табысы:

1) Әкесінің жалақысы – 150 000 тг. құрайды;

2) Көпбалалы отбасыға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы – 10 504 тг;

3) «Күміс алқа» алқасымен марапатталған көпбалалы анаға берілетін мемлекеттік жәрдемақы – 16 160 тг.

Отбасының ай сайынғы табысы - 176 664 теңге.

Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде көпбалалы отбасыларға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мен «Күміс алқа» жәрдемақысы алып тасталды.

Отбасы мүшелерінің жан басына шаққандағы орташа табысы келесідей есептеледі:

150 000 теңге 8 адамға бөлінеді = 18 750 тг.

Тиісінше, отбасы АӘК көрсету критерийлеріне сәйкес келеді. Балаларға АӘК мөлшерін есептеу: 20 789 теңге*6 бала = 124 734 тг. Ата-аналар үшін АӘК мөлшерін есептеу: 20 789 тг. - 18 750 тг. = 2 039 тг; 2 039*2 = 4 078 тг.

АӘК жиынтық мөлшері 124 734 тг. + 4 078 тг = 128 812 тг.

Егер бұрын отбасы АӘК көрсету критерийіне сәйкес келмесе, онда 2019 жылғы 1 сәуірден бастап отбасы 128 812 тг. мөлшерінде атаулы әлеуметтік көмек алуға құқылы.

Осылайша, жаңа атаулы әлеуметтік көмекті ескере отырып, отбасының жалпы табысы: 176 664 тг. + 128 812 тг. = 305 476 тг. болады.

Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есепке алынады ма?

Иә, отбасының жиынтық табысын анықтаған кезде жеке қосалқы шаруашылық ескеріледі. Жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табыс Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі №237-ө бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу қағидаларына сәйкес есептеледі. Қағидаларда ел өңірлерінің климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеу нормалары айқындалған.

Бұл ретте, жергілікті атқарушы органдар жеке қосалқы шаруашылықты табыс көзіне жатпайды деп айқындай алады. Яғни, әкімдіктер өз қалауы бойынша жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты ескермеуге құқылы.

**1 сәуірден бастап отбасының жалпы табысын есептеу кезінде қандай табыс алынып тасталады?**

– АӘК тағайындау үшін отбасының жиынтық табысын есептеген кезде мыналар есепке алынбайды:

1. 4 және одан да көп баласы бар көпбалалы отбасыларға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы;

2. «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы;

3. Баланың мүгедектігі бойынша жәрдемақы;

4. Студенттердің стипендиясы;

5. Жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын біржолғы төлемдер.

Көпбалалы отбасыларды қолдау бойынша тағы қандай шаралар бар және олар бойынша толық және дұрыс ақпаратты қайдан алуға болады?

«Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға ай сайын 16 160 теңге (6,4 АЕК) мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Бүгінде 235 мың ана осындай құрметті атаққа ие.

Сондай-ақ, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар:

– көлік құралдарына салынатын салықты және жер салығын;

– тұрғылықты мекенжайын тіркеу, паспорт және жеке куәлік алу кезінде жасалатын нотариаттық және заң тұрғысынан маңызды әрекеттер үшін мемлекеттік баж салығын және т.б. төлеуден босатылады.

Сонымен қатар, 5 және одан да көп бала туып, оларды 8 жасқа толғанға дейін тәрбиелеп отырған аналар 53 жасында зейнетке шығуға құқылы.

Бұдан басқа, министрлік азаматтардың ұсыныстарын ескере отырып, әлеуметтік көмек пен қызметтердің бірыңғай пакетін әзірледі. Оны АӘК алушыларға жергілікті атқарушы органдар көрсетеді. Әлеуметтік пакетке жергілікті атқарушы органдар есебінен көрсетілетін 11 әлеуметтік қолдау және әлеуметтік қызмет шарасы кіреді. Оның ішінде 1-4-сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету, қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру, балалар лагерьлерінде тегін демалу, тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы тұрғын үй жағдайларын жақсарту, мектеп формасымен, оқулықтармен және оқу керек-жарақтарымен қамтамасыз ету және т.б. бар.

Бірыңғай әлеуметтік пакетті енгізу елдің барлық өңірлерінде мұқтаж азаматтарға бірдей әлеуметтік көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және басқа да жеңілдіктер мен жәрдемақылар туралы толық ақпаратты жұмыспен қамту орталықтарынан, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларынан, ауылдық әкімдіктерден, сондай-ақ, 111 call-орталығы арқылы алуға болады.

**– Қандай жастағы балалар атаулы әлеуметтік көмек ала алады ?**

– Жаңа механизм бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ы немесе 20 789 теңге мөлшеріндегі кепілді төлем 18 жасқа дейінгі балаларға, ал орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқыған жағдайда, білім беру ұйымын бітіретін уақытқа дейін (бірақ 23 жасқа толғанға дейін) төленетін болады.

# МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Медициналық-әлеуметтік сараптама МӘС тұрғылықты жеріне байланысты медициналық ұйымдардың жолдауы бойынша өткізіледі. Медициналық ұйымдар ауруға, жарақат зардаптарына немесе кемістікке байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларын жүргізгеннен кейін, анатомиялық кемістіктері немесе организм функцияларының едәуір немесе өте айқын білінетін бұзылушылықтары бар және оңалту әлеуеті жоқ жазылмайтын ауруларды қоспағанда, уақытша еңбекке жарамсыз болған адамдарды, диагнозы белгіленген сәттен бастап кемінде төрт айдан кейін МӘС-ке жібереді. Медициналық тексеріп-қараудың толықтығын, көлемін және адамды МӘС-ке жіберудің негізділігін жолдама берген медициналық ұйымның ДКК төрағасы қамтамасыз етеді.



Ол үшін төмендегі құжаттар тізімі қажет:

– өтініш;

– 088/к үлгідегі медицина-әлеуметтік сараптамасына жолдама, есте сақтаңыз, жолдаманы рәсімдеген соң 1 ай ішінде әкелуіңіз тиіс;

– жеке басты куәландырушы құжат көшірме;

– тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша мәлімет;

– амбулаториялық науқастың медициналық картасы, ауру тарихынан үзінді көшірмелердің және зерттеу нәтижелерінің көшірмелері

– еңбек қызметі кітапшасының көшірмесі;

– міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын құжат;

– еңбекке уақытша жарамсыздық парағы (больничный лист).

МӘС-ке жолдама сапасыз және (немесе) негізсіз ресімделген жағдайда МӘС бөлімі тексеру және ұсынылған медициналық құжаттарды талдау деректерінің негізінде сараптамалық қорытынды шығарады және сараптамалық қорытынды шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы медициналық және фармацевтикалық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін және пациентті жіберген медициналық ұйымды 088/у нысанының көшірмесін қоса бере отырып жазбаша түрде хабардар етеді, ол туралы МӘС актісінде және 088/у нысанының МӘС қорытындысы туралы денсаулық сақтау ұйымының хабарламасында жазылады.

МӘС белгіленген кезде мүгедектіктің мына себептері анықталады:

жалпы сырқаттануы; еңбекте зақымдануы; мамандыққа байланысты дерттер; бала кезінен мүгедектігі; өкілетті органның себепті сараптамалық белгілерін анықтау шартымен, әскери қызмет міндеттерін анықтау кезіндегі жауынгерлік әрекеттер арқасында, әскери қызметке байланыссыз жазатайым жағдайлар барысында алған жарақаттар, зақымдар, дерттер; өкілетті органның себепті-сараптамалық белгілерін анықтау шартымен экологиялық төтенше жағдайлар барысында болған зақымдар, иондық сәулелену немесе оның салдарынан болған зақымдар;

мүгедектікті және еңбекке қабілетсіздік дәрежесі белгіленгенде төменгі құжаттар беріледі: мүгедектік туралы анықтама; мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларынан үзінді; тіршілік әрекетінің шектелу дәрежесі туралы анықтама; арнайы қозғалу құралдарына мұқтаждығы туралы анықтама

Азаматты мүгедек деп тану негіздері:

1) ағза функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулықтың бұзылуы;

2) тіршілік-тынысының шектелуі (адамның өзіне өзі қызмет көрсету, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлану, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу немесе еңбек қызметімен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуы);

3) әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру қажеттігі негіздеме болып табылады.

Куәландырылатын адам немесе оның заңды өкілі МӘС бөлімінің сараптамалық қорытындысына оны алған күннен бастап бір ай ішінде МӘС әдіснама және бақылау бөлімінде МӘС актісіндегі құжаттар негізінде шағымдануға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқылы.

**Л. СҮЛЕЙМЕНОВА**
**№3 МӘС бөлімінің басшысы,**
**А. ЕРҒАЗИНОВА,**
**бөлімінің бас маманы**

# МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР және ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ БҰЗЫЛУЫ БОЙЫНША ҚАЙДА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Медициналық көмек көрсету кезінде азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда, даулы жағдайларды шешу, соның ішінде медициналық ұйымның медициналық көмек көрсетуден бас тартқан кезде, көмек көрсету үшін ақшалай қаражат алу мәселелері бойынша:

• медициналық ұйымның әкімшілігіне – әрбір медициналық ұйымда бар бөлімше меңгерушісіне, медициналық ұйымның басшысына немесе пациенттерді қолдау және ішкі бақылау қызметіне;

• денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органына, қоғамдық денсаулықты қорғаудың аймақтық департаментіне немесе әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалына.

Алайда, өз құқықтарын қорғай отырып, азаматтардың өздері де өз денсаулығына қамқорлық жасауға, салауатты өмір салтын ұстануға, зиянды әдеттерді болдырмауға, тамақтану режимін сақтауға, аурулардың алдын алумен айналысуға міндетті екенін ұмытпағандары жөн. Медициналық көмекке уақытылы жүгінбеу, өзін-өзі емдеу, дәрігерге өзінің денсаулығы туралы толық және дұрыс ақпарат бермеу, дәрігердің ұсынымдарын сақтамау аурудың асқынған түрлерінің дамуына әкеп соқтырады. Мұндай жағдайларда тіпті ең жетілдірілген медициналық технологиялар мен дәрігерлердің күш-жігерлері кейде нәтиже бермейді.

**Алмагүл МӘКЕНБАЕВА,**
**«Мәкенбаева» ЖШС отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының директоры**

# КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР НАЗАРЫНА!

Зейнетақы төлеу орталығы арқылы 10 504 теңге көлемінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы алатын төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған көп балалы отбасыларын аралап, зерттеу актісін жасау барысында көрсетілген мекен жайда тұрмайтын 151 көп балалы отбасы анықталды.

Жәрдемақы төлеу орталығының тізіміне сәйкес, зерттеу актісі жасалмаған көп балалы отбасылары жайлы ақпаратты анықтау үшін «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не хабарласуды сұраймыз.

**Мекенжайымыз: Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвары 39 «а», 2-қабат, телефон: 76-79-92, 76-29-45, 76-77-84, 76-56-62.**

## АКАДЕМИК Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ

*(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)*

# ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Жезқазғанның кен орнын зерттеумен қатар, Қ.И.Сәтбаев Жезқазған-Ұлытау аудандарындағы ауқымды 100-120 мың шақырым геологиялық және пайдалы қазбаларға кешенді зерттеулер қойылды, ол үшін ең алғаш рет ірі ауқымды геологиялық карта құрастырылды. Осы негізде тектоника мен магнитизмнің және барша Жезқазған-Ұлытау ауданы металлогениясының негізгі ерекшеліктері туралы оларға жоғарыда аталған сессияда толыққанды баяндалды. «Үлкен Жезқазған» атты жинағында Жезқазған-Ұлытау ауданының мыс, темір, марганец, қорғасын, алтын рудалы және көмір кен орындарына және үлкен Жезқазған комбинаты ауданындағы минералды құрылыс материалдарына және қосалқы-металлургиялық шикізат кен орындарына қатысты оның 6 жұмысы жарық көрді. Сессия Жезқазғанның сөзсіз бірінші дәрежелі маңызын еліміздің мыс өндірісінің шикізат базасы ретінде мойындады және әрі қарай оның бай минералды ресурстарын жоспарлы зерттеудің қажеттілігін атап өтті. Сессиядан соң Қаныш Имантайұлы Г.К.Орджоникидзенің қабылдауында болды. Халық комиссары зор ықыласпен оның Жезқазғанның және Жезқазған-Ұлытау ауданының минералды байлықтары және жезқазғандық геологиялық барлау ұжымының жұмысы туралы хабарламасын ден қойып тыңдады. Ол үлкен Жезқазғанды дамытудың қажеттілігін толықтай құптады. Біраз уақыттан соң КСРО ОАК кезекті сессиясында Г.К.Орджоникидзе былай деді: «Жақын уақытта бізге Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын бастауымыз керек болады. Онда мыс кендерінің бай қорлары бар. Олар Орталық Қазақстанның түбінде, теміржолдан алыс орналасқан. Жезқазғанға тез арада Қарағандыдан бастап теміржол салу қажет». 1938 жылдың 13 ақпанында ауыр өнеркәсіп Наркомы Жезқазған комбинатының құрылысы туралы бұйрық шығарды. Осымен Жезқазғанның бай жер қойнауын игеру тарихының жаңа кезеңі басталды. Жезқазғандағы жұмысымен қатар Қаныш Имантайұлы 1928 жылдан бастап Орталық Қазақстанда қара металлургияны жасау мәселесін алға тартты. Атасу, Қарсақбай, Аят темір рудаларының өнерәсіптік бағасы қалай болғанда да оның бастамасымен және еңбектерімен байланысты. Олар Қазақстандағы қара металлургия мәселелерімен байланысты бірқатар жұмыстарды жарыққа шығарды. Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми-зерттеу қызметіндегі ең маңыздысы ол зерттеп отырған объектіні барлық жағынан және ауданның барлық кен орындарын зерттеуді қамтып, өзінің барлық еңбектерінде кешенді ғылыми әдісті қолдануы болып табылады. Осы кешенді әдісті Жезқазғанға қатысты қолдану тек қана мыс рудаларының әлемдік қорын ашып қана қоймай, оның рудаларында өнеркәсіптік маңыздағы қорғасын, мырыш, күмісті айқындады, өнеркәсіптік маңыздылықтың және көптеген басқа да пайдалы қазбалардың анықталуына әкелді: көмір, марганец, темір, қорғасын, алтын, отқа төзімді құрылыс материалдары. Осы объектілердің әрқайсысын зерттеу олардың практикалық құндылығы және еліміздің халық шаруашылығында қолдану шарттары бойынша кешенді түрде жүргізілді. Қ.И.Сәтбаевтың Жезқазған және оның аудандарындағы металлогения бойынша ғылыми теориялары тікелей тәжірибе мәліметтерінен шықты. Олар Жезқазған және басқа да кен орындарының геологиялық барлау жұмыстарының практикасында тексерілді. 1940 жылдың күзінде Қазақ Республикасының 20 жылдығымен байланысты Қ.И.Сәтбаев Қазақстандағы ғылым жетістіктері туралы баяндамасымен Мәскеуге жіберілді. Құбылыстар мен фактілердің терең сараптамасы мен айқын мысалдарға толы баяндамасы үлкен әсер қалдырды. Баяндамада бұрындағы артта қалған патшалық Ресейдің төңірегі тарихи қысқа мерзімде партия еркімен және халықтың еңбегімен алдыңғы қатарлы мәдениеті мен ғылымы бар гүлденген кеңестік республикаға айналғандығы туралы көрсетілген. Жезқазғанды зерттеудегі орасан еңбегі және оның жер қойнауын ашудағы жетістігі үшін Қаныш Имантайұлы бірінші Ленин орденімен марапатталды.

Жезқазғандық кезеңдегі Қ.И. Сәтбаевтың өмірі мен қызметінің дүбірлі еңбегі мен күресін, шығармашылық ізденісін бақылау барысында, оның таусылмас қуаты мен тапқырлығына, оның алдында тұрған мәселелерді шешудегі нағыз мемлекетшіл және халықшыл әдісін пайдалануы, оның елі мен халқына сондай қажетті, жаңадан басталған істерге деген сенімділігі таң қалдырады. Алайда, Қ.И.Сәтбаев «...мен 1940 жылдың қыркүйегінде Алматыға Қазақстанның К(б)П ОК-не жедел түрде шақырылдым, КСРО ҒА Қазфилиалы құрамындағы партия мен үкіметтің шешімі бойынша, оның бірінші институты – Геология институты құрылатынын және Қазақстан партиясының ОК-мен оның директоры ретінде мен тағайындалатынымды хабарлады. 1940 жылдың 6-шы қарашада ҚазКСР 20 жылдығына орай Қазақстанның бір топ қайраткерлерін ордендер мен медальдармен мадақтау туралы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Жарлығы шықты. Ленин орденімен мадақталғандардың арасында мен де болдым. Үкіметтің бұл жоғары марапаты менімен және Жезқазғанның геологиялық барлаушылар ұжымымен қуанышпен қарсы алынып, Үлкен Жезқазған идеясын жүзеге асырудағы ауыр күресті өз иықтарында алып өткен барлық ұжымның патриоттық еңбегінің бағасы аталып өткендігінің белгісі ретінде қабылданды...» деп жазды. Оған осы сапардан кейін Алматыға көшіп, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының Геологиялық институтын басқару ұсынылды. Бұл кезеңде Қаныш Имантайұлының тумасы – Үлкен Жезқазғанның тағдыры шешілген, яғни ол жедел халық шаруашылық игеру жолына тұрған болатын. Сондықтан, Қаныш Имантайұлы ҚКП ОК құрметті және жауапты ұсынысын қабыл алды.

### *Қазақ ғылымының қалыптасып, дамуындағы Қ.И.Сәтбаевтың рөлі.*

*«Каныш Имантаевич Сатпаев благодаря своему удивительному пытливому энергичному уму и прекрасным организаторским способностям быстро вошел впередовую группу созидателей нового Казахстана»*

***В.А. Обручев геолог, палеонтолог, географ, жазушы-фантаст, академик.***

Қазақ ғылым академиясының дербес құрылып, алғашқы әрі басты ғылым ордасының тұңғыш президенті Қ.И.Сәтбаевтың болуына себепкер болған қоғам және мемлекет қайраткері Н.Д.Ондасынов сол кезеңдегі елдегі жағдайды былай еске алады: «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің шешіміне сәйкес 1938 жылдың июнь айында мен Қазақ ССР Халық комиссарлары Советіне қызметке орналастым. Ол кезең — елді индустрияландыру жөніндегі алғашқы бес жылдықтардың артығымен орындалып, ауылшаруашылығын коллективтендіру істері аяқталып, халықтың тұрмысы әжептәуір жақсарған кезі еді. Бұл жағдай үшінші бес жылдықты күрделі істер тындыруға даңғыл жол ашты. Үшінші бесжылдықта еліміздің шығыс аудандарының өркендеуіне айрықша көңіл аударылған. Қазақстанның үлесіне бұрын-соңды болмаған міндеттер жүктелген. Ұлан-байтақ Қазақстанның көпсалалы халық шаруашылығымен, мәдениетімен, өнерімен толығырақ танысуға бір-екі жылдай уақыт кетті. «Ойдан ой туады» дегендей, бұдан республиканың алдында тұрған алып істерді мүлтіксіз атқару үшін алдымен ғалымдарға, білгіш мамандарға, қолдарынан өнер тамған сауатты қалың бұқараға сүйену қажет екені байқалды.Ол кезде Қазақстан мұндай кадрларға өте мұқтаж еді. Осы мәселелерді тездетіп шешу, алдымен ғылымды ұйымдастыру қамын ойлау қажет болды. Бұрын орман шаруашылығы саласында істеп жүрген кезімде баспа беттерінен геолог Қ. Сәтбаевтың бірнеше мақалаларын оқығаным барды, сол есіме түсе кетті. Сұрастырып қарасам, ол кісі Жезқазғанда болып шықты. Ол кезде теміржолмен жүрушілерге Жезқазған Алматыдан гөрі Москваға жақынырақ болатын. Сәті келіп, 1941 жылдың бас кезінде Қанекеңмен алғаш рет Москвада кездестік. Көп сөйлестік, оның үлкен маман екені қатты әсер еткен еді. Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастыруға қажетті дайындықтар жүргізу үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Халық Комиссарлары кеңесінің қаулысымен үкімет комиссиясы құрылды. Оның председателі орынбасарларының бірі болып Қанекең тағайындалды».

1941 жылы, Қазақстанның КП ОК 2-ші хатшысы Ж.Шаяхметовтың бастамасы бойынша, Қаныш Сәтбаев Алматыға жұмысқа ауысқан. Ол геологиялық ғылымдар институтының директоры және (КСРО ҚазҒАФ) КСРО қазақ ғылым академиясының филиалы президиумы төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Өйткені филиалдың басшысы И.Ф Григорьев Мәскеуде тұрған және өзінің міндетін толық атқара алмағандықтан, Сәтбаев филиал төрағасының міндетін атқарушы болған.

1941 жылы Қаныш Имантайұлының Алматыға КСРО ҒА Қазақ филиалына көшуі Ұлы Отан соғысының алғашқы күндері тұспа-тұс келді. Жаңа жұмыс орнына ауысқаннан кейін ол өзіне тән мақсатқа талпынушылығымен Қазақстандағы ғылымды ұйымдастыру мен оның әрі қарай дамуына бет алды. Толығымен орап алған, қызу қызметіне қарамастан, бір де бір минут өзінің сүйікті Жезқазғаны туралы ұмытқан емес, оны әрі қарай халық үшін меңгерілуіне және зерттелуіне көп күш бөлді.

КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы еліміздің ғылымды ұйымдастыруының жаңа формасы ретінде Алматыда 1932 ж. болған академия негізінде құрастырылды. Бұл база құрамында екі сектор болды. 1938 ж. база, құрамында бес секторы бар филиалға қосылып, қайта құрылды. 1941 ж. филиал кішігірім мекеме түрінде болды. Онда 3 ғылым докторы, 14 кандидат, 70-80 ғылыми дәрежесі жоқ ғылыми қызметкерлер ғана жұмыс істеді.

Қаныш Имантайұлы Геологиялық институттағы жұмысының бірінші күндерінен бастап оның тақырыптық жоспарын терең сараптады. Ұлы Отан соғысына қатысты Қазақстан территориясының геологиялық зерттеулер бойынша негізгі бағыттарды шешу және ең алдымен, фронтқа максималды практикалық көмек көрсету үшін институттың жоспары жедел түрде өзгертілді.

**Фатима ЖАҚСЫБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві құжаттардың сақталуын, мемлекеттік есепке алынуын қамтамасыз ету және ҒАА бөлімінің басшысы**

*Жалғасы бар*

# АКАДЕМИК АТЫНДАҒЫ МУЗЕЙДЕ

**Жезқазғандағы Қ.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музей ғұлама ғалымның өмірі мен еңбек жолдарына байланысты құнды жәдігерлерге аса бай. Қазақстан Ғылым Академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, Ұлытау-Жезқазған мыс кен орындарын ашушы айтулы геолог Қаныш Имантайұлының қолданған заттары мен мүліктерін айтпағанда, мұнда 4 мыңнан асатын минералдардың коллекциясы бар. Биыл кемеңгер ғалымның туғанына 120 жыл толатыны белгілі. Осыған орай музей ұжымы біршама тағлымды шараларды ұйымдастыруға ұйтқы болып отыр.**



Тарихы әріден басталатын музейдің өмірге келуі де Қаныш Сәтбаевтың тікелей қамқорлығының арқасында жүзеге асқан болатын. Тамбов облысының қазіргі Мичурин қаласында туған Николай Валукинский деген суретші, археолог 1945 жылдың маусымында Жезқазған мыс комбинатының техник-гидрологы болып жұмысқа тұрады. Өлкетану қоғамының құрамында жүріп тарих пен этнографияға бой ұрған ол еңбек ете жүріп археологиялық қазба жұмыстарымен айналысады, кен өндірудің өткен тарихына үңіледі. Қола дәуірінен орта ғасырларға дейін мыс кенін өндірген Милықұдық тұрағына 1939 жылы Қ.Сәтбаев зерттеу жүргізіп, ежелгі заманда өндірілген кеннің көлемін анықтаған еді. Кейін осындағы зерттеу жұмыстарын Н.Валукинский одан әрі жалғастырды. Археолог ғалым Әлкей Марғұлан Милықұдық тұрағының төменгі қабатын Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениетінің дәуіріне жатқызғаны белгілі. Сонымен, Валукинский жинаған мол материалдардың негізінде 1947 жылдың желтоқсанында Жезқазған өңіріндегі алғашқы геология-минералогиялық музейі ашылады. Николай Васильевич негізінде 1941 жылға дейін біршама уақыт Воронеж губерниялық тарихи-мәдени музейінің ғылыми қызметкері, директоры болып істеген, осы саланың сырын білетін маман адам болған екен. Жезқазғанда ашқан музейіне Қанекеңнің ұсынысымен 1950 жылы Николай Валукинский есімі беріледі. Қ.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинаты дүрілдеп тұрған заманда оның музейін одан әрі қалыптастырып, басшылық жасауда белгілі өлкетанушы Сүтемген Бүкіровтің зор еңбек сіңіргенін жерлестері әлі ұмыта қойған жоқ. «Қазақмыс» корпорациясы құрылғаннан кейін музей біраз жыл мұражай-көрме кешені ретінде жұмыс істеді. Ал, тура осыдан он жыл бұрын Қаныш Сәтбаевтың 110 жылдығы қарсаңында айтулы тұлғаның есіміне ие болып, тарихи-өндірістік музей ретінде қалыптасты. Осы тарихи-рухани ордаға көп жылдан бері басшылық жасап келе жатқан өлкетанушы, тарихшы Кенжал Балкеновтен Қанекең мерейтойы аясында қолға алынып жатқан істер мен алдағы шаралар жайлы сұраған едік.

– Сүтемген Бүкіровтің «Жезқазған және Қаныш Сәтбаев» деген кітабын шығарғалы отырмыз. Оның мәнісі тереңде, өлкетанушы ағамыз Қанекең туралы 1938-1939 жылдардан бастап жаза бастаған. Содан өмірінің соңына дейін ғұлама ғалым жайлы деректерді жинастырумен айналысты. Бұл кітапқа Сүтекеңнің қолға түскен еңбектерінің барлығы енгізілді, қазақ және орыс тілдерінде. Сондай-ақ, жергілікті қаламгерлеріміздің С.Бүкіров туралы жазған материалдары да қамтылды. Ғалым есіміне байланысты дүниелер аз емес. Солардың елеусіз қалып келе жатқан тұстарына назар аударудамыз. Соны жоба ретінде айтуға болады, Сәтбаев атындағы гүлдер бар. Біз оларды да біраз іздестірдік. Мәселен, бөртегүлді (сирень) Алматыдан, баршынгүлді (гладиолус) Омбыдан таптық. Енді осы гүлдерді Сәтбаев қаласындағы аллеяға отырғызбақпыз. Жоңғар Алатауында Сәтбаев атындағы шың бар, бұрын Кеңестер шыңы деп аталыпты. Биылғы жылдың маусым не шілде айында осы мұздықтың басына бір топ жезқазғандықтар шықпақшы. Оған арнайы дайындығы бар адамдар барады. Қанекең 1949 жылы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен бірге тоғызқұмалақтан республикалық жарыс ұйымдастырыпты. Ғалымның осы бастамасын жаңғырту мақсатында бірінші аймақтық тоғызқұмалақ жарысын өткізуді қолға алдық. Оқушылар арасындағы бәсеке наурыз айының соңында Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейде өтті. «Қазақмыс» еңбеккерлері қатысатын үлкен жарыс алдағы 6 сәуірде болады. Сондай-ақ, ғылыми-тәжірибелік конференция, мерейтойға арналған салтанатты шаралар да өз ретімен ұйымдастырылады, – дейді академик атындағы музей директоры.

Көне Жезқазған тарихын зерттеп, археологиялық жұмыстар жүргізген Н.Валукинскийдің еңбегін Қанекеңнің жақсы бағалағанын айттық. Кезінде ол кісі еңбек еткен Воронеждегі үлкен музеймен корпорация музейі тығыз байланыс орнатқан екен. Олардың шақыртуымен биылғы Сәтбаев мерейтойына орай қыркүйек айында барып қайту жоспарланыпты. Қаныш ағамыз КСРО металлогения ғылымын жасаушылардың бірі және қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы екені белгілі. Өңіріміздің кен байлығын ашып, ел игілігіне айналдырудағы еңбегі орасан зор. Тарихи-өндірістік музейдегі 4 мың минералдың барлығы айтулы ғалымның қолынан өткен десе болады. Канада, Чили және басқа да елдерден алдырған құрамында мысы бар кен тастарын жинақтай келіп, Қаныш Имантайұлы оларды жергілікті минералдармен салыстырып үлкен ғылыми зерттеулер жасаған. Олардың ішіндегі халькозин, халькантит, борнит, бетехтенит, халькопирит және басқа да көптеген минералдардың сипаттамаларын ғылыми айналымға енгізген. Тек Жезқазғанда ғана кездесетін сирек минералдарды анықтаған. Бір сөзбен айтқанда, Сәтбаев әлемдік минералдар коллекциясын жасаған. Осыған орай, әңгіме барысында Кенжал Балкенов тағы бір орынды ойдың шетін шығарды.

— Жаңағы төрт мыңнан асатын минералдар коллекциясының біз 800-дейін ғана көз алдымызға қойып көрсете аламыз. Бәрін қойып қою мүмкін емес. Шетелден келгендер кейде көргісі келіп қызығады. Мүмкіншілікті кеңейту үшін Сәтбаев қаласында тарихи-өлкетану музейін ашса болар еді. Мысалы, шағын бір қалалардың өзінде бірнеше музейлері бар. Ал, тарихы жоқ қала сияқты ғұлама ғалым атындағы шаһарда музей болмауы ұят. Қанекең кен зерттеумен қатар Ұлытау өңірінің тарихи ескерткіштерін зерделеп, астрофизика, обсерватория салаларын да дамытқан. Аспанда Сәтбаев планетасының болуы да бекер емес. Міне, осының бәрін қамтитын үлкен кешен кеншілер қаласында болуы керек, – дейді музей ісінің жанашыры Кенжекең.

Расында ойланатын мәселе. Академик атындағы тарихи-өндірістік музейдің бүгінгі орыны да заман талабына сай жетілдіруді, кеңейтуді қажет етеді. Құнды жәдігерлердің тар жерде тасаланбай, көпшіліктің көзайымына айналғанына не жетсін!

**Амандық РАХҰЛЫ**

**«Бүгінгі жеңіс Сіздің құрметіңізге арналады» деп аталған тоғызқұмалақтан мектеп оқушылары арасындағы аймақтық жарысты №7 мектеп-лицейі өткізді.**



## АЙМАҚТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

– Қаныш Имантайұлы ғылымның адамы болғанмен өнерден де, спорттан да кенде болмағаны белгілі. Тоғызқұмалақ – оның сүйікті ойыны деседі. Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз Қаныш ағаның туғанына 120 жыл толуына орай ұйымдастырылған аймақтық турнирдің мақсаты өскелең ұрпақты ғалымның даңқты жолымен таныстыру арқылы үлгі-өнеге беру әрі салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады, – деген мектеп-лицейдің директоры Күлпаш Мұқашева турнир қатысушыларына сәттілік тіледі.

Дүбірлі додаға Жезқазған-Ұлытау аймағынан бөлек Қаныштың туған жері Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Теңдік ауылынан да қатысушылар асыға жетті. Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-балабақшаның директоры Қайриден Мұзафаров бастап келген жастар ғалым жерлесіне арнап жазған жыр шумақтарын оқып, кездесуді ажарландыра түсті. Турнирдің ашылу салтанатында ғұламаның өмірі мен еңбек жолы тілге тиек етілді. Атап айтқанда, ардагер ұстаз Нүрия Жұмажанова:

– Жер қойнауының сиқырлы жиһазын тамаша көрегендікпен аша білген академик Қаныш Сәтбаевты әмбебап білім иесі деп атауға әбден болады. Оның ғылыми дүниетанымы кең еді және ол жаратылыстану ғылымдары шеңберімен ғана шектелмейтін. «Қаныштың бір үлкен ерекшелігі, ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі», – деген Мұхтар Әуезов бұл қасиетін айшықтап бергендей. Сондықтан, Қаныш аға қазақтың тарихы, мәдениеті, музыкасы мен фольклорының терең білгірі саналады. Қаныш Имантайұлы мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, ғалымдығы мен шебер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Қазақстанның индустриялық даму жолындағы өркениетті үрдістің көш басында болып, кемеңгер ғалым атанды, – деген ұлағатты ұстаз Жезқазғанның жұлдызын жаққан Қаныш Сәтбаев атын иеленген мектеп-лицей және оның қабырғасында ашылған мектеп-мұражайы жайында да сөз қозғады.

Шыдамдық пен логикалық ойлауды қажет ететін тоғызқұмалақ ойынына қатысқан 30 оқушының түгелі дерлік ой мықтылығымен ерекшеленді. Намысты қолдан бермей, жеңімпаз атануға барын салды. Тартысты ойынның қорытындысы бойынша жүлделі І орын жезқазғандық командаға бұйырса, жүлделі ІІ орынды Сәтбаев қаласының құрама командасы жеңіп алды. Жүлделі ІІІ орынды да Жезқазғанның намысын қорғаған екінші команда еншіледі. Жеңімпаздарға естелік сыйлықтар мен Алғыс хаттар тапсырылды.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# *Жезқазған шаһарының жылнамасы*

### *1968 жыл*

• 27 наурызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №119 шешімімен №11 Жезқазған геофизикалық экспедициясының №7 пошта бөлімінде жинақ кассасы ашылды.

• 11 қазанда Қазақ КСР Байланыс министрі А.Елібаев Жезқазған телевизия орталығының құрамында «Орбита» ғарыштық байланыс жүйесін құру туралы бұйрық шығарды.

• Орталықтандырлыған ғылыми-зерттеу, конструкторлық-жоспарлау және тәжірибелі-таулы зертхана (ГОРНИЭЛ) құрылды.

• «Үйтас-Айдос» су көзі пайдалануға берілді.

• Жүрек ауруларымен ауыратын мектеп жасындағы балаларды сауықтырып емдейтін «Қарлығаш» шипажайы ашылды.

• Құс фабрикасы іске қосылды.

• №25 «Салтанат», №27 «Незабудка» балабақшалары жұмыс істей бастады.

• Жезқазған өңіріндегі бокс негізін қалаушыларының бірі В.П. Будаев Жезқазған құрылыс техникумында алғаш бокс секциясын ашты.

• Жанай-Рудник су құбырының құрылысы аяқталды.

### *1969 жыл*

• 1969 жылдың наурызы мен 1973 жылдың наурызы аралығында қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Көкімбек Салықұлы Салықов болды.

• 12 наурызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №59 шешімімен Жезқазған қаласындағы оқу-курстық комбинатының негізінде екі жылдық сауда-кулинарлық мектеп ашылды.

• Наурыз айында қабырғасына әлемдегі тұңғыш ғарышкер Ю.А. Гагарин бейнесі салынған қазіргі Сейфуллин көшесіндегі 65-үй пайдалануға берілді.

• 27 қарашада Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №435 шешімімен Жезқазған қаласының үшінші ықшамауданында азық-түлік дүкені ашылды.

• Жезқазған қаласының дамуына үлес қосқан және осы жердің топырағын басқан атақты адамдарға берілетін мәртебелі Жезқазған қаласының «Құрметті азаматы» атағы Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 1966 жылы 27 сәуірдегі қаулысынан соң үш жылдан кейін 1969 жылдан бастап беріле бастады.

• Балалар мен жасөспірімдердің олимпиадалық резерв мектебі (БЖОРМ) байдарка мен каноэ есуге мамандандырылған спорт мектебі ашылды.

• Жезқазған жылу электр орталығында №7 турбогенератор іске қосылды.

• «Орбита» телестансасының іске қосылуы нәтижесінде республикада алғашқылардың бірі болып жезқазғандықтар Мәскеу орталық телевизиясының бағдарламасын көре бастады.

• №21 орта мектебі ашылды. Бірінші директоры У.Б. Бекішев болды.

• ЖЭС-та №7 қазандық іске қосылып, қуаты 260 МВт-қа жетті. Оның қуаты жоспарланғаннан 10 МВт жоғары болды.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

# ҚАЗАҚ КСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ АКАДЕМИГІ, ГЕОЛОГ, ҒАЛЫМ, ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ

| № | Іс-шаранаң атауы | Өтетін уақыты | Өтетін уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қ.И. Сәтбаев атындағы тарихи – өндірістік музейде және Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде «Қ.И. Сәтбаев және Жезқазған» тақырыбындағы экскурсиялар ұйымдастыру | Сәуір айы | Қ.И. Сәтбаев атындағы тарихи – өндірістік музейі және Жезқазған тарихи-археологиялық музейі |
| 2 | Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының Кеңгір селосына көшпелі көрмесін ұйымдастыру | 02.04.2019 ж. | Кеңгір ауылы кітапхана |
| 3 | «Ұлтымыздың Ұлы перзенті» тақырыбындағы блиц турнир | 02.04.2019 ж. 15:00 сағ | № 9 модельді кітапхана филиалы |
| 4 | «Ұлт мақтанышы Қаныш» тақырыбындағы ғұмырнамалық сабақ | 02.04.2019 ж. 15:00 сағ | № 5 үлгілі кітапхана филиалы |
| 5 | Қ.И. Сәтбаевтың 120 жылдығы аясында «Әлем бас иген тұлға» тақырыбындағы қалалық ғылыми-практикалық конференция | 04.04.2019 ж. 11:00 сағ | Қ.И. Сәтбаев атындағы № 7 мектеп лицейі |
| 6 | Тау-кен саласының ардагерлерінің қатысуымен «Қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы – Қ.И. Сәтбаев» атты кездесу | 09.04.2019 ж. 11:00 сағ | Қ.И. Сәтбаев атындағы № 7 мектеп лицейі |
| 7 | Қ.И. Сәтбаев ескерткішіне гүл қою рәсімі | 11.04.2019 ж. | Сәтбаев алаңы |
| 8 | Қ.И. Сәтбаевтың 120 жылдығы арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция | 11.04.2019 ж. 10:00 сағ | С. Қожамқұлов атындағы музыкалық-сазды театр |
| 9 | «Қанышы бақыт болған, Жезқазған – жақұт қалам» тақырыбындағы әдеби-сазды кеш | 11.04.2019 ж. 11:00 сағ | Қ.И. Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейі |
| 10 | «Қазақ ғылымының атасы» әдеби мұражай | 11.04.2019 ж. 11: 00 сағ | М. Әуезов атындағы қалалық кітапхана |
| 11 | ҚазССР ғалым академиясының тұңғыш академигі, геолог, ғалым, үлкен Жезқазғанның негізін қалаушы Қ.И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған қалалық митинг | 12.04.2019 ж. 11:00 сағ | Сәтбаев алаңы |
| 12 | Қала жастарының «Дара тұлға – жолы жастарға үлгі» флеш-мобы | 12.04.2019 ж. 10:00 сағ | Алаш алаңы |

# ІЛИЯС ҚҰСАЙЫНОВ ТУРАЛЫ КІТАП

## *жарыққа шықпақ*



Азаматтардың барлығы да ата-анасынан соң, білім кеңістігіне бойлатып, санасының саңылауын ашқан ұстаздарын естеріне алып, естеліктер жазып жүруі нағыз азаматтық әрі адами қасиет қой деп білемін.

Сол саланың бірегейі – Ұлытау-Жезді аудандарының білім беру саласында 48 жыл еңбек еткен, оның 30 жылында Жезді мектеп-интернатының директоры болған соғыс және білім беру ісінің ардагері, аяулы ұстаз, қайталанбайтын тұлға **– Ілияс Құсайынов.**

Сол кісінің есімі халқы мен шәкірттерінің есінде сақталуы мақсатында менің ұйымдастыруыммен І.Құсайыновқа мектеп-интернаттың есімін беру, мектеп кіре берісіне ескерткіш тақта немесе қабырғалық мүсін орнату, І.Құсайынов атындағы озат білім басшыларына берілетін арнайы ауыспалы ту мен арнайы сыйлық тағайындау туралы 2018 жылдың қараша айында Қарағанды облысының әкімі Е.Қошановқа, Ұлытау ауданының әкімі Ә.Омарға, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы және Қарағанды облысы және Ұлытау аудандары тілдерді дамыту жөніндегі қоғамдық ұйымдармен байланыс және талдау ономастикалық комиссияларына, сонымен қатар, ҚР білім және ғылым министрлігі мен ҚР Сенатының депутаты Р. Әбдікеровке арнайы хаттар жазып жұмыстар атқардым.

Осы ұсынысты беріп, естелік кітапша шығарушылар қатарында мемлекет және қоғам қайраткерлері М. Көпеев, Қ. Медиев, М. Серкебаева, ғалымдар Ә.Әбутәліп, М.Жәнібекова, Р.Нүриден, еңбек және білім саласының ардагерлері, тағы да басқа атаулы азаматтар бар. Бүгінгі күні І. Құсайыновтың есімін мектеп-интернатқа беруден басқа шараларды қолдайтыны туралы жауаптар алынды және сол бағытта тиісті жұмыстар атқарылады деген сеніммдеміз.

Сонымен қатар, Жезқазған-Ұлытау аймағының білім саласында еңбек еткен Ілияс Құсайынов және басқа атаулы тұлғалар жөнінде естеліктер жинап, ұрпақтарымыз үшін тәрбиелік мәні зор энциклопедия кітап шығару туралы жобалар бар.

Осы мақсатта компьютерде терілген естеліктер, суреттер, құнды құжаттардың көшірмелерін s.korganbek@mail.ru электрондық поштаға жіберулеріңізді сұраймын.

**Байланыс телефондары: 8 776 191 6060 (уатсап); 8 771 505 6154; қалалық – 8(7172) 206 159**

**Сәттібек ҚОРҒАНБЕКОВ,**
**Республика қаржы саласының үздігі, Мемлекеттік қызметтің ардагері, деректі кітаптардың және публицистикалық шығармалардың авторы.**

СЕМИНАР

# АДАМЗАТТЫ АЛАҢДАТҚАН



**Бүгінде әлемде аутизм дертіне шалдыққандардың саны 70 миллионға жуықтаса, елімізде мұндай науқасқа шалдыққандар саны мыңға жуық. Ал, Жезқазған қаласында аутизм дерті анықталған 18 жасқа дейінгі 22 бала тұрады.**

Аталмыш дертті зерттеуші ғалымдардың айтуынша соңғы 10 жылда аутизм дерті 20 есеге өскен. Сондықтан, БҰҰ Бас Ассамблеясы 2 сәуірді бүкіләлемдік аутизм мәселесі туралы ақпарат тарату күні ретінде бекітті. Осы күні дүние жүзі бойынша аутизм дерті жайында ашық айту үрдіске айналған. Сол дәстүрмен Жезқазған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен семинар өтті. Жиынға әлеуметтік қызметкерлер шақыртылып, оларға аутизм жөнінде кең ақпарат беріліп, науқас балалармен қарым-қатынас орнатудың тәсілдері көрсетілді.

Семинар лекция және практикалық жұмыс атты екі бөлімнен құралды. Алғашқы бөлімді жүргізген Гүлшайым Махмұтова аутизм дерті жайында аз-кем түсінік берді.

– Аутизм терминін алғаш рет швед психиатры Эйген Блейлер 1911 жылы ашқан екен. Грек сөзінен аударғанда «өзім» деген мағынаны білдіреді. Терминнің өзі айтып тұрғандай, аутизмге шалдыққан бала өз әлемімен өзі болып, сыртқы құбылыстарды, өзгерістерді мүлде қабылдамайды. Тіпті үйінде өзі үйреніп қалған жиһаздарды, тұсқағаздарды ауыстырса да ашуланып, қарсылық ретінде айғайлап, жылап, мінез көрсетеді. Аутист жандар бір нәрсемен ұзақ уақыт бойы айналысып отыра береді, бірыңғай ойынды ойнап, бір қимылды қайталай беруі мүмкін. Дәрігерлердің сипаттауы бойынша, бала атын атап шақырса елең қылмайды, көзге тіке қарамайды, дыбысқа, басқаға реакциясы болмайды, өзімен өзі отыра береді. Басында осындай белгілеріне қарап мамандар «аутизм балаға жеткілікті көңіл бөлмегеннен, бір үйде жалғыз өзі ұзақ уақыт бойы қалып қойғаннан пайда болады» деген пікірді айтып жүрді. Бірақ бұған ешқандай ғылыми дәлел табылмады.

Зерттеушілердің айтуынша, аутизм дерті тұқым қуалаудың нәтижесінде немесе нерв жүйесі мен мидың биологоиялық зақымдануынан болады екен, – деген ол ерте жастан диагностика жүргізіліп, жұмыс бағытын дұрыс құрастыру арқылы жақсы нәтижелерге жету мүмкіндігі жоғары екенін жеткізді.

Психологиялық сауатты құрылған бағдарлама балаға өмірге бейімделіп, қоршаған ортада өз орнын табуға бағыт береді екен. Қазіргі кезде, балаларға педагогикалық-психологиялық көмек көрсетуде көптеген әдіс-тәсілдер қолданылады. Әр әдістің өз ерекшелігі, тиімді және тиімсіз жақтары бар. Сол себептен де, әр балаға жекелей тоқталып, оның барлық қажеттілігін, ерекшелігін ескере отырып, тиімді әдісті таңдап алған жөн. Осы әдіс-тәсілдерді семинар қатысушыларына әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші Жанат Жылтыркөзова таныстырды.

– Аутизмге шалдыққан баланы дамыту ойындары арқылы дамыту болатыны белгілі. Ойындарды ойнату арқылы біз баланың заттарды танып білуге, сондай-ақ қоршаған ортаға бейімбелуге, сөйлеу, қозғалыс дғдыларын қалыптастырамыз.Ойнай отырып, үйретудің тиімді тұстары барын тәжірибеде де көріп жүрміз,- деген Жанат Хасенқызы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік қызметкері Гаухар Дауытбаеваның бір жылда жеткен жетістіктерін атап өтті.

Әлеуметтік қызметкер бір жылдан бері аутизм дерті бар тоғыз жасар ұлмен жұмыс жасауда. Әуелде бәрінен оқшауланып, үріккен бала қазір коррекциялық сыныпқа сабаққа барып, далада серуендеуге дағдыланған. Сонымен қатар, анасына үй шаруасында қолғабыс етуге үйренген. Өзінің бөлек әлемі бар баланың осындай халге жетуі үлкен әрі қажырлы еңбекті қажет етеді. Мұндай балалармен күніне екі сағаттан бес сағатқа дейін жұмыс жасалуы керек. Дегенмен, көп ата-ана бұны ескере бермейтіні өкінішті. Жоғарыда айтып кеткен баланың анасы әлеуметтік қызметкерден бөлек өзінің бүкіл бос уақытын баласына арнап, оны ойын арқылы дамытады екен. Сондықтан, семинар қатысушылары әлеуметтік қызметкерлерге балалардан бөлек олардың ата-аналарына да «Айна», «Тауық», «Сиқырлы қалта» сынды дамыту ойындарының шарттарын түсіндіріліп, көрсетілсе артық етпейтіні айтылды. Сонда ғана ата-ана баламен айналысып, оны қалыпты өмірге, қоршаған ортаға бейімдеу арқылы дертті жеңе алады.

2 сәуірде дүние жүзі бойынша аспанға көк шарлар ұшырылып, көк шамдар жағылады. Неге көк түс дедеңіздер, дүние жүзілік мәлімет бойынша, аутизм ұл балаларда жиі кездеседі екен. Статистикалық мәліметке сүйенсек, дүниеге келген әрбір елуінші ұл балада аутизм анықталса, қыздар арасында 250-дің біреуінде ғана ауытқу болады екен. Сол себепті көк түс аутизмнің белгісі ретінде алынған.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ХАБАРЛАНДЫРУ

# ӘКЕЛІНЕТІН КАРАНТИНГЕ ЖАТҚЫЗЫЛҒАН ӨНІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

Қазақстан Республикасына әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитсанитариялық талаптар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/66 бұйрығымен бекітілген.

Осы әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптар (бұдан әрі – Фитосанитариялық талаптар) «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 7-бабының 1-тармағына 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және өсімдік карантинін қамтамасыз ету мақсатында карантинге жатқызылған өнімге (дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өңдеу, отырғызу немесе тұқымдық материалдарға, азық-түліктік және (немесе) техникалық мақсаттарға арналған жемістерге, көкөністерге және картопқа, тірі гүлдер мен қыш құмыра өсімдіктері кесінділеріне, ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін кенелерге, жұмырқұрттарға және тірі жәндіктерге, ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалдарына), оның ішінде оның орамасына, заласыздандыруға және тасымалдауға қойылатын талаптарды айқындайды.

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлер тізбесінде көрсетілген карантиндік объектілер болмауы керек.

Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнім әкелуді жүзеге асыратын елдер тізімі белгіленген.

***Әкелінетін дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдарға қойылатын талаптар:***

1) ұн мен жармаларды қоспағанда, қайта өңдеу мен (немесе) сақтауға жіберіледі;

2) бидайдың үнді қара күйесі анықталған кезде кері қайтарылуға немесе жойылуға жатады;

3) карантиндік объектілер анықталған кезде иесінің таңдауы бойынша залалсыздандыруға немесе жоюға, ал иесі одан бас тартқан немесе оларды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда қайтарылуға жатады.

Азық-түліктік, жемдік және техникалық мақсаттарға әкелінген дәнді, дәнді-бұршақты, майлы дақылдарды тұқымдық мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнімді әкелуді жүзеге асыратын елдер тізбесі: Австралия мен Океаниядан (Австралия, Вануату, Кука аралы, Микронезия, Жаңа Зеландия, Жаңа Папуа Гвинея, Америка Самоасы, Шығыс Самоа, Батыс Самоа, Соломон аралдары, Фиджи, Тонга, Француз Полинезиясы)

***Отырғызу немесе тұқымдық материалдарға қойылатын фитосанитариялық талаптар:***

Отырғызу немесе тұқымдық материалдардың:

1) экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитарлық сертификаты;

2) өнімнің атауы, шыққан елі, экспорттаушы және (немесе) кері экспорттаушы, өндірілген орны және (немесе) учаскесі туралы ақпараты бар таңбасы;

3) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау рәсімі аяқталғанға дейін бастапқы орамасы болуы тиіс.

Тұқымдық картоп партиялары жаңа ыдыста оралған болуы тиіс.

Құмырадағы өсімдіктердің отырғызу материалдары және (немесе) тамыр жүйесі жабық өсімдіктер Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілерден бос қоректік субстратта әкелінуі тиіс.

Тамыр айналасында топырақ бар өсімдіктерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге тыйым салынады.

Әкелінетін әсемдік, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің (бүлдіргеннен басқа) отырғызу материалы қалыпты жай-күйде, жапырақсыз, гүлсіз және жеміссіз болуы тиіс.

Карантиндік объектілер анықталған жағдайда отырғызу немесе тұқымдық материал партиялары иесінің қалауы бойынша залалсыздандырылуға немесе жойылуға, ал иесі бас тартқан немесе оларды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда – қайтарылуға жатады. Бұл ретте тек партияның залалданған бөлігі залалсыздандырылуы, қайтарылуы немесе жойылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнімді әкелуді жүзеге асыратын елдер тізбесі: Азиядан (Түрікменстан, Ауғанстан, Бангладеш, Бахрейн, Бирма, Бутан, Бруней, Қырғызстан, Кувейт, Өзбекстан, Тәжікстан, Пәкістан, Шығыс Тимор, Вьетнам, Гонконг, Индонезия, Иордания, Камбоджа, Кампучия, Кипр, Лаос, Ливан, Малайзия, Мьянма, Сингапур, Таиланд, Филиппины, Корея Халықтық Демократиялық Республикасы, Корея Республикасы, Монғолия, Тайвань, Жапония, Түркия, Сауд Арабиясы, Сирия, Израиль, Оман, Йемен Араб Республикасы, Йемен Халықтық Демократиялық Республикасы, Иран, Ирак, Үндістан, Мальдивы, Непал, Шри-Ланка)

***Жемістерде, көкөністерде және картопқа қойылатын фитосанитариялық талаптар:***

1) өнімнің атауы, шыққан елі, экспорттаушы және (немесе) кері экспорттаушы, өндірілген орны және (немесе) учаскесі туралы ақпараты бар таңбасы;

2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау рәсімі аяқталғанға дейін бастапқы орамасы болуы тиіс.

Егер партиядан іріктеп алынған



жеміс, көкөніс және картоп үлгісінде (үлгілерінде) карантиндік объектілер анықталса, бұл партия иесінің қалауы бойынша залалсыздандырылуға немесе жойылуға, ал иесі залалсыздандырудан немесе жоюдан бас тартқан немесе оларды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда – қайтарылуға жатады. Бұл ретте тек партияның залалданған бөлігі залалсыздандырылуы, жойылуы немесе қайтарылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнімді әкелуді жүзеге асыратын елдер тізбесі: Африкадан (Алжир, Ангола, Бенин, Замбия, Мозамбик, Ботсвана, Буркина-Фасо, Бурунди, Габон, Гамбия, Зимбабве, Конго, Либерия, Ливия, Маврикий, Танзания, Кения, Чад, Нигерия, Нигер, Жасыл Мыс аралы, Руанда, Мали, Мадагаскар, Кот Д Ивуар, Гана, Гвинея, Египет, Заир, Мавритания, Малави, Малагай Республикасы, Марокко, Сенегал, Сомали, Судан, Сьерра-Леоне, Того, Тунис, Уганда, Эфиопия, Камерун, Орталық Африка Республикасы, Оңтүстік Африка Республикасы)

***Тірі гүлдер мен қыш құмыра өсімдіктері кесінділеріне қойылатын талаптар:***

1) өнімнің атауы, шыққан елі, экспорттаушы және (немесе) кері экспорттаушы, өндірілген орны және (немесе) учаскесі туралы ақпараты бар таңбасы;

2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау рәсімі аяқталғанға дейін бастапқы орамасы болуы тиіс.

Тірі гүлдер мен қыш құмыра өсімдіктерінің кесінділері орамада тасымалданады. Орамада әртүрлі тірі гүлдер кесінділерінің немесе бір қыш құмыра өсімдіктері шоғын әкелуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнімді әкелуді жүзеге асыратын елдер тізбесі: Еуропа елдерінен (Австрия, Албания, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Греция, Дания, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Нидерланды, Люксембург, Норвегия, Португалия, Финляндия, Франция, Чехия, Чех Республикасы, Сербия, Словакия, Словения, Швейцария, Швеция, Югославия, Болгария, Венгрия, Латвия, Литва, Польша, Румыния, Хорватия, Эстония, Монако, Мальта, Ресей, Беларусь, Украина, Грузия, Армения, Молдова, Әзірбайжан)

***Ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалы, оның ішінде жөнделген ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалының бөлшектеріне қойылатын фитосанитариялық талаптар:***

1)залалсыздандырылған;

2) таңбаланған;

3) қабығынан аршылған болуы тиіс.

Ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалының ылғалдылығы 20 пайыздан аспауы тиіс.

Таңба болмаған жағдайда ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалын фитосанитариялық сертификат болған кезде және өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нәтижелері бойынша әкелуге жол беріледі.

Залалсыздандыруға, қайтарылуға немесе жойылуға жататын ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалы карантиндік объектілер анықталған сәттен бастап тиісті фитосанитариялық шаралар жүргізгенге дейін олардың таралуын болдырмайтын жағдайда сақталуы тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнімді әкелуді жүзеге асыратын елдер тізбесі: Оңтүстік Америкадан (Аргентина, Боливия, Бразилия, Венесуэла, Перу, Суринам, Гайана, Гвиана, Гренада, Гренадин, Уругвай, Чили, Эквадор, Колумбия, Парагвай)

**М. КОНУРКУЛЬЖИНОВА,**
**ҚР АШМ АӨК МИК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясының бас маман өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы**

# «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қарағанды облысында «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 өкіміне сәйкес өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған жыл сайынғы «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсының өңірлік кезеңін өткізу жарияланды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 181 қаулысымен бекітілген конкурстың ережесіне сәйкес «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы аудандық (қалалық), өңірлік және ұлттық кезеңдерде өтеді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер қалалық және аудандық әкімдіктерге 2019 жылғы сәуірдің 1-нен 30-на дейін беріледі.

**«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Мерейлі отбасы» конкурсы (бұдан әрі – конкурс) өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған Ұлттық конкурс шеңберінде өткізіледі.

**Конкурсты өткізудің мақсаттары**:

1) отбасы институтын, адамгершілікті, руханилықты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану;

2) ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;

3) отбасылық құндылықтарды, кәмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқор болуын дәріптеу және кеңінен насихаттау;

4) қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.

2. Конкурсқа отбасылар (бұдан әрі – үміткерлер) қатысады. Конкурс Қарағанды облысының бүкіл аумағында ашық нысанда өткізіледі.

3. Конкурс жеңімпаздары (1, 2, 3 орын) өңірлік комиссия төрағалары, қалалар мен аудандар әкімдері ұсынған өтінімдер негізінде облыстық комиссияның шешімімен анықталады.

4. Конкурсқа қатысуға отбасы мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктері бар отбасылар жіберіледі.

5. Мыналар:

1) қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар;

2) бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

6. Конкурстың ұйымдастырушылары облыстық әйелдер істері және отбасы – демографиялық саясат қомиссиясының көмегімен Ішкі саясат басқармасы болып табылады.

Конкурсты ұйымдастырушылар «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмысты үйлестіру мақсатында конкурсты дайындау және өткізу және конкурстың республикалық кезеңіне жеңімпазды ұсыну жөніндегі ұйымдастыру комитетін құрады.

7. Конкурс өткізу туралы хабарландыру сәуірдің 1 – 10 аралығында республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады.

8. Конкурс үш кезеңде өткізіледі. Бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші – өңірлік, үшінші – ұлттық.

9. Жергілікті атқарушы органдар өңірлік деңгейдегі «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздарын айқындау бойынша өңірлік, аудандық (қалалық) комиссиялар құрады, сондай-ақ комиссия туралы ережені және іріктеу критерийлерін бекітеді.

10. Конкурсқа қатысуға өтінім (осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша) аудандық (қалалық) комиссияға жыл сайын конкурстың басталғаны туралы көпшілікке жариялаған күннен бастап бір ай ішінде мынадай құжаттармен бірге беріледі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның кәмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі – бар болса;

5) балаларды тәрбиелегені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және мінездемелер;

7) ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);

8) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

Ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін үміткерлер ұсынған түпнұсқалар негізінде аудандық (қалалық) комиссияның төрағасы куәландырады.

11. Құжаттарды көрсетілген мерзімнен кейін ұсынған үміткерлер конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

12. Аудандық (қалалық) комиссияға ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

**13. Ұйымдастырушылар:**

1) барлық үміткерлерге тең жағдайды;

2) жеке құпия болып табылатын ақпараттың жасырын болуын;

3) конкурс нәтижелері туралы мәліметтердің ресми жарияланатын күнінен бұрын таралып кетпеуін қамтамасыз етеді.

14. Аудандық (қалалық) комиссия алынған ақпаратты жан-жақты тексергеннен кейін аудандар (қалалар) әкімдерімен келісілген төрт қатысушының (отбасының) конкурстық материалдарын 15 мамырға дейін өңірлік комиссияларға жібереді.

15. Облыстық комиссия екі үздік отбасын іріктеп алады, қажет болған жағдайда ұсынылған материалдарға қосымша тексеру жүргізіп, облыс әкімімен келісілген өз шешімдерін осы Ереженің 10-тармағында көзделген құжаттар топтамасымен бірге, жыл сайын 30 мамырға дейін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағын беру жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – комиссия) жібереді.

16. Комиссиялар үздік отбасыларды айқындау туралы шешім қабылдау кезінде мынадай критерийлерді басшылыққа алады:

1) отбасы мүшелері жетістіктерінің саны мен маңызы (отбасы тарихы – визит карточкасы – таныстыру рәсімі);

2) отбасылық дәстүрлер және жәдігерлер;

3) отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары;

4) балаларының жетістіктері;

5) ата-аналарының үлгі тұтарлықтай жетістіктері;

6) отбасы құрамы (отбасы мүшелерінің саны – бір аумақта бірге тұрып жатқан бірнеше ұрпақтың өкілдері);

7) отбасының дарындары;

8) отбасының өмір сүру салты (саламатты өмір салты, бос уақыты және т.б.);

9) отбасының қоғамдағы беделі.

17. Жеңімпаз отбасыларына ұлттық конкурстың лауреаты атағы тағайындау бойынша үміткерлерге «Мерейлі отбасы» облыстық конкурсының лауреаты атағы беріледі, диплом және бағалы сыйлық ұсынылады.

18. Конкурс лауреатын марапаттау рәсімі жыл сайын салтанатты түрде өткізіледі.

19. Конкурсқа қатысушылар туралы ақпарат өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ, конкурсты ұйымдастырушылардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

20. Комиссия ұсыныстарды коллегиалды қарастырудан кейін 10 күннің ішінде таңдау бойынша бағдарламалар циклін дайындау үшін, сондай-ақ, лауреат атағын тағайындау бойынша отбасы – үміткерлері туралы құжаттарды мемлекеттік телеарнаға жолдау.

21. Конкурс лауреаты атағын қайталап беруге жол берілмейді.

**«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға арналған**
**ӨТІНІМ**

Отағасының (әкесінің немесе шешесінің) деректері:
1.Аты-жөні
2.Жасы __ Жынысы
3.Білімі
4.Жұмысы
5.Тұрғылықты мекені
6.Отбасы құрамы туралы мәлімет
7.Отбасының (немесе отбасы мүшелерінің) немен жақсы атағы шыққан
8.Наградаларының, марапаттарының болуы мен түрлері
9.Отбасының әрбір мүшесінің деректері:
10. Аты-жөні
11. Жасы
12. Білімі
13. Жұмысы
14. Тұрғылықты мекені (мекенжайы және тел.)
15. Отбасы түрі (2-, 3-, 4-буын және т.с.с.)
16. Отбасындағы балаларды тәрбиелеу ерекшелігі
17. Тәрбиелеуге негіз болған ата-ананың қасиеті
18. Отбасында қандай отбасылық дәстүрлер сақталған
19. Отбасылық қатынастар қандай қағидаттарға сүйенеді
20. Ұстаздардың, педагогтердің, тәрбиешілердің ықпалы
21. Отбасы өмірінен қызықты оқиғалар
22. Отбасылық фотосурет (электрондық нұсқасымен бірге).

**Қолы Күні**

## БӘРЕКЕЛДІ!

# «НАЗА» ФИЛЬМІН ЕЛОРДАЛЫҚТАР ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ



**27 наурызда елордадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің концерт залында жерлесіміз, белгілі қаламгер әрі әдебиетші ғалым Кенжебай Ахметовтің кино саласындағы тұңғыш туындысы «Наза» көркем фильмінің алғашқы таныстырылымы өтті.**

Іргелі оқу ордасының мың жарым адамдық залын лық толтырған көрермендер ортасында тың туындыны тамашалауға ынтық қарапайым адамдармен қатар елімізге белгілі зиялы қауым өкілдері, танымал өнер шеберлері, көрнекті қаламгерлер мен кино саласының сыншы-мамандары, мемлекет және қоғам қайраткерлері болды.

Түпкі тамырынан ажырап, кезінде тегінен бас тартқан, өмірінің соңында сол орасан ағаттығының залал-зардабын тартқан қарттың жан дүниесіндегі арпалыс пен азапты әсерлі суреттеген фильмді жұртшылық жылы қабылдады. Мұны таныстырылым соңында өз пікірлерін ортаға салған танымал тұлғалар мен кино сыншыларының лебіздерінен де айқын аңғардық.

Фильм жақын күндері жезқазғандықтардың да назарына ұсынылатын болады.

**Оралбай ӘДІКӘРІМОВ,**
**мемлекет және қоғам қайраткері:**

Бүгінде жаңадан түсіріліп, көрерменге ұсынылып жатқан кинотуындылар аз емес. Бірақ, солардың көпшілігі тәлім-тағылымы кемшін, көрермен көңілін қайтсек жаулаймыз деген ниетпен әншейін атыс-шабысқа толы немесе арзан күлкі шақырудан аспайтын дүниелер екені де рас. Ал, мына фильмнің жөні бөлек. Адамға ой салатын, көңілін толғандыратын, түпкі тек-тамырынан қол үзген бір адамның басындағы трагедиялық ахуал арқылы терең философиялық түйін жасалған бұл туынды көрермен көңілінен шығатынына сенімім кәміл.

**Әлихан БАЙМЕНОВ,**
**мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік қызмет хабы басқару комитетінің төрағасы:**

Кенжекеңді бұған дейін қарымды қаламгер, әдебиетші ғалым ретінде танып келсек, бүгін жаңа бір қырынан танып жатырмыз. Жалпы көркемөнердің басты мақсат-мұраты адамды, адамзатты тәрбиелеу, ізгілікке баулу десек, мына фильм де тағылымдық мәні зор туынды болып шыққан. Үлкен әсер алдық. Меніңше, бүгінгі қоғамға тап осындай кинолар керек.

**Қайрат БАЙБОСЫНОВ,**
**әнші, Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор:**

Жастарға, болашаққа үлкен ой салатын, өз ұлтыңды, өз дәстүріңді қадірлеп, қастерлеуге шақыратын, тәлім-тәрбие беретін туынды. Қазақта «Атаңа не қылсаң, алдыңнан сол шығады» деген нақыл бар. Осыны сезінте білген дүние болды. Басында бұндай ештеңе күтпеп едім. Философиялық тұсын көрсететін арынға түскен бойда ғана сарынын түсіндім. Бір адамның тағдыры арқылы қаншама ұрпаққа сол қасіреттің табын түсіндіріп отыр. Ұлтқа деген махаббат отбасына деген махаббаттан басталса керек. Сондықтан, осы махаббатқа тәрбиелейтін туындыға құтты болсын айтамын.

**Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ,**
**қаламгер, кино сыншысы:**

Ең әуелі айтарым, шалғайдағы шағын шаһарда жүріп осындай кино түсіруге тәуекел етудің өзі ерлік. Сонымен бірге, фильм авторы өзінің түпкі мақсатына, діттеген нысанасына қол жеткізе алған. Бірақ мұндай астары терең, психологиялық һәм философияық тұрғыдағы салмақты дүниені бүгінде жұрттың бәрі қабылдай алмауы да мүмкін. Өйткені таным-түсінік, көрерменнің өре-деңгейі деген мәселе бар.

Кенжекеңді, осы фильмді түсіруге ат салысқан барлық азаматтарды осындай ойлы, салмақты дүние жасап шығуымен құттықтаймын.

**Өз тілшіміз**

## МЕШІТТЕГІ КЕЗДЕСУ



# ӨКІЛ ИМАМ ЖЕЗҚАЗҒАН ЖАМАҒАТЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

**Алла Тағала өзінің шариғатын адамзатқа алғашқы түсірген кезден-ақ, білім ізденудің маңыздылығын айтқан. Пайғамбар (с.ғ.с) білім алуға байланысты көптеген хадистер айтып кеткен. Солардың бірі «Білімді бесіктен көрге дейін ізденіңдер» десе, тағы бір хадисте «Ғалым бол немесе ізденуші бол немесе ғалымдарды жақсы көруші бол немесе ғалымдарды тыңдаушы бол бірақ, бесіншісі болма құрдымға кетесің» деген.**

Жезқазған қаласындағы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің асханасында 2 сәуір күні жамағатымыздың білімін нығайту мақсатында, дастархан жайылып, рухани іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараға арнайы Қарағанды облысының өкіл имамы, Қарағанды облыстық «Әнет Баба» мешітінің бас имамы Өмірзақ қажы Беккожа мырза келіп, «Білім алудың артықшылығы» тақырыбында уағыз-насихат жүргізді.

Аталмыш іс-шараға қала тұрғындары мен мешіт жамағаты толықтай қатысып, өз ойларымен бөлісіп, дөңгелек үстел басында бас қосып, тағылымды сабақ алды. Жамағат әсерлі уағызға дән риза болып, тақуалықтарын арттыру керектігі және білім алудың маңызды екенін екі дүниеде де жақсылыққа жетелейтін жол екеніне тоқталды. Іс-шара соңында Құран оқылды. Рухани бағыттағы осындай іс-шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

**Ахмет ишан Оразайұлы атындағы Жезқазған мешітінің баспасөз қызметі**

## ТЕАТР

# ЖАСТАР ШЕКСПИР ӘЛЕМІНЕ БОЙЛАДЫ



**Халықаралық театр күніне орай С. Қожамқұлов атындағы музыкалық драма театрында әсерлі де әдемі шара өтті. «Жастар және Шекспир» фестивалі ретінде ұйымдастырылған театр мерекесі Жастар жылының жарастықты тартуына айналды. Фестиваль аясында драма театр труппасына кейіннен қосылған жас өскіндер ұлы драматургтің шығармаларынан үзінділер көрсетіп, көрерменді өз өнерлерімен тәнті етті.**

Ағылшынның ұлттық ақыны Уильям Шекспир қайта өрлеу дәуірінің ұлы драматургі ретінде дүниежүзіне танылған тұлға. Әлемдік классиканың өкілі 38 пьеса, 154 сонета, 4 поэма жазған екен. Кезінде халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов бастап Шекспир шығармаларын қазақшаға тәржімалап, драмалары ұлттық театрларымыздың репертуарынан берік орын алғаны белгілі. Серке театрының жас әртістері Шекспирдің «Гамлет», «Отелло», «Асауға тұсау» және «Ричард-ІІІ» қойылымдарынан үзінділер қойып, сахналық өнерлерін қапысыз танытты. Олардың сахнадағы ойын өрнектеріне қазылар алқасы тиісті бағасын берді. «Жастар және Шекспир» фестивалінің арнаулы номинациялары белгіленді. Фестивальдың бас жүлдесі Гамлетті сомдаған Нұржан Бейісбек пен Еркебұлан Жанатовқа берілді. «Ең үздік ер ролі» номинациясына Ардақ Жарқынбеков, «Ең үздік әйел ролі» номинациясына Гүлдер Әлиева ие болды. Сондай-ақ, Тоғжан Нұртаза мен Сырымбет Оспанов «Жаңа шешім», Қанағат Бейсембай «Сахна аруы», Мәди Сәденов «Үздік ұйымдастырушы» номинацияларын еншілесе, «Үміт» номинациясымен Әли Әбілтаев, Әсет Бөлекбаев және Саят Ерназаров марапатталды.

Жас өнерпаздардың «Жекпе-жек» биі мен хорда өнер көрсетуі де тартымды болды. Қазақстанның Халық артисі, театрдың көркемдік жетекшісі Досжан Жанботаев өздерінің орнын басатын осындай талантты жастардың өсіп жетіліп келе жатқанына шынайы ризашылығын білдіріп, батасын берді. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрлыбаева театр ұжымын төл мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

**Амандық РАХҰЛЫ**

## МУЗЫКАЛЫҚ КЕШ

# «СЫРЫ БАР НЕБІР ТЫЛСЫМ КҮЙЛЕРІНДЕ»



Қазақтың күй өнерінің негізін салып, бүгінгі күнге жеткізіп кеткен күйші бабаларымыз аз емес. Қазақ даласының әр өңірінде туған олардың әрқайсысы өзіндік стилімен ерекшеленеді. Құрманғазының, Тәттімбеттің, Сүгірдің, Динаның, Дәулеткерейдің өздеріне ғана тән күйшілік дәстүрі болған. Сондай дербес мектептің негізін қалап кеткен халық күйшісі – Қазанғап Тілепбергенұлы.

Қазанғап Тілепбергенұлы – қазақтың әйгілі күйші-композиторы. 1854 жылы Арал көлінің жағасы, Құланды түбегі (қазіргі Ақтөбе обл.Шалқар ауд.), Ақбауыр (Айшуақ) деген жерде дүниеге келген. Қазанғап домбыраны жан серігі етіп, өзінің сезім-түйсігін күй тілінде сыртқа шығаруды машық етеді. Содан, оң-солын тани бастағанда күйге біржола өмірін арнамақ болып, әке-шешесінен рұқсат алады. Доңызтау-Аққолқада – Төреш, Бесқалада – Орынбай, Құрманияз, Орынборда – Үсен төре сияқты әйгілі домбырашылармен кездеседі. Небір додалы күй сайыстарына түсіп, өнерін шыңдайды. Мұның бәрі Қазанғап бойындағы тегеурінді дарынның жарқырай көрінуіне, шабыт тұғыры болуына себепші болады. Оның күйлері қазақтың өткеніне де, бүгініне де, болашағына да терең бойлайды. Қазанғап күйлері халық тарихының артта қалған алмағайып кезеңі туралы, Қазан төңкерісінен кейінгі ел өмірінің түбірлі өзгерістерін ұлы көшке теңеп жырлайды. Қазанғаптың «Майда қоңыр», «Учитель», «Өтті-ау дүние», «Көкіл», «Қос қыран», «Бекеттің жыр күйі», «Шырылдатпа», «Жіберсейші», «Ерназар, Бекеттің зары», «Дүркін-дүркін дүние», «Қап, әттеген-ай», «Домалатпай Ақжелең», «Ілме», «Жаңылтпаш», т.б. күйлері бар.

Қазанғаптың күйлері жай-лы жас ұрпаққа таныстыру мақсатында «Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ № 2 үлгілі кітапхана-филиалында Жезқазған қаласының 65 жылдығы мен Жастар жылына арналған «Сыры бар небір тылсым күйлерінде» атты күй сандық күйші-композитор Қазанғап Тілепбергенұлының 165 жылдығына арнап ұйымдастырылды. Қазанғап Тілепбергенұлының күйлерін Жезқазған музыкалық колледжінің 3 курс студенттері Нұрсұлтан Балтабай, Асылбек Дәулетбай және Жанар Советова өз нақышында орындап, жақсы әсер қалдырды. Әсіресе, «18 жасар Балжан қыз», «Көкіл», «Орынбай Ақжелең» сияқты күйлерін тыңдағанда Қазанғаптың сүйретпе қағыс пен ілме қағысты қатар қолданып, ешкімге ұқсамайтын өзіндік күй дәстүрін қалыптастырған дәулеткер күйші болғаны күйлерінен аңғарылды. Қазанғап Тілепбергенұлының әйгілі домбырашы Үсен төремен кездескен кезі жайлы күйші Абдулхамит Райымбергеновтың айтқаны видеороликте көрсетілді. Іс-шараға қатысқан жастар Қазанғаптың өмірі жайлы біраз мәліметтермен таныса алды. Күйшінің 124 туындысы болған екен. Бірақ, бізге жеткені 50-60 күйі ғана. Оның күйлерінің көбі белгілі оқиғаға құрылған. «Күй сөйлейді» деген теңеуді осы Қазанғап туындыларына қарата айтуға болады.

**Ақнұр ҚЫДЫРМАНОВА,**
**№ 2 үлгілі кітапхана-филиалының меңгерушісі**

## СПОРТ

# БОКС ЗАЛЫ – БАЛАЛАР ИГІЛІГІНЕ

**М.Құлышева атындағы балалар үйінде бокс залы ашылды.**

Қайырымды шараға арнайы Нұр-Сұлтан қаласынан келген жерлесіміз Арман Балкенұлы ұйытқы болды. «Батыр боламыз» акциясы аясында ұйымдастырылған игі іс аясында «Marua boxing team» командасы спортпен шұғылдануға қажетті барлық құралдармен жабдықталды.

Залдың ашылу салтанатына қалалық спорт бөлімінің басшысы Дидар Мүтәліпов, «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, Арман Балкенұлы, «Спортты дамыту орталығының» вице-президенті Алданыш Жакешова, балалар үйінің ұжымы мен балалары қатысты. Алғаш болып Гүлмира Изатоллақызы сөз алып, дені сау ұрпақ елдің болашағы екенін атап өтті. Сонымен қатар, жас өрендерді залдың ашылуымен құттықтады.

Дидар Мүтәліпов, Алданыш Жакешова өз кезектерінде залдың демеушісі болып, «Туған жер» бағдарламасы аясында мысты қаланың 65 жылдық мерейтойы қарсаңында жас спортшыларға тарту жасаған Арман Балкенұлына алғыстарын білдірді. Балалар үйінің директоры Ғазиз Жетібаев Арманға Алғыс хат табыстады.

«Marua boxing team» командасының мүшелері алғашқы жеңістерімен қуантып, қала қоржынын медальдармен толықтырып үлгерді. Бокстан жаттықтырушы Сергей Данилов балалардың ынта-жігері өте жоғары екенін айтады. Медальдарын тағынған жас спортшылардың көзінде ұшқын байқалады. Залдың ашылғанына олар ерекше қуанды. Енді олар жаттығатын орын іздеп сабылмай, өз үйлерінде жаттыға береді. Демеушілер жас боксшылардан өзге балаларды да ұмыт қалдырған жоқ. Олар былғары қолғап пен грушадан бөлек, басқа да спорт түрлеріне арналған құрал-




жабдықтарды ала келген. Балалар үйінің тәрбиеленушілері енді салауатты өмір салтын ұстанып, өзіне жақын спорт түрімен айналыса алады.

Балалар келген қонақтарға алғыс ретінде өздерінің өнерлерін көрсетті. Шаршы алаңда сынға түсіп жүрген спортшылар өздерінің қолданатын әдіс-тәсілдерін көрсетті. Одан кейін барлығы қосыла «Біз тәуелсіз елдің ұланымыз» деп ән шырқады.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

# БОЗ КІЛЕМНІҢ МЫҚТЫЛАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

**Талай палуанды баптап, бәйгеге қосқан КСРО спорт шебері Танау Нығызбаевты еске алуға арналған еркін күрестен дәстүрлі республикалық турнир «Ұлытау» спорт кешенінде жалауын көтерді.**



2004-2005 жылы туған жасөспірімдер, 2008-2010 жылы туған кіші жасөспірімдер мен 2004-2006 жылы туған қыздар арасындағы турнирге қатысуға еліміздің түпкір-түпкірінен жүзден аса спортшы келді. Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған қалалық спорт бөлімінің басшысы Дидар Мүтәліпов байрақты бәсекенің өтуіне сәттілік тілеп, Танау Нығызбаевтың жетістігі жас спортшыларға үлгі екенін алға тартты. Сондай-ақ, турнирдің қадірлі қонақтарына сый-сияпат жасады. Жылма-жыл Жезқазған төрінде ұйымдастырылатын турнирге Танау Нығызбаевтың туған-туыстары да қатысып, ер есімін ұлықтаған аймақ жұртшылығына ризашылықтарын білдірді.

Естеріңізге сала кетсек, Танау Нығызбаев – өткен ғасырдың 60-70 жылдарында Одақ көлемінде қарсылас шақ келтірмей, боз кілемнің шебері атанған сайыпқырандардың бірі. Қазақ күресінің әйгілі майталманы Әбілсейіт Айқановпен, қарағандылық ақжолтайлар Жәкен Тәтиев, Сағыжан Аманжоловтармен қатар жүріп, қазақ спортының даңқын аспандатуға айрықша үлес қосты. Аймақ көлемінде еркін күрестен КСРО спорт шебері атанғандардың алғашқысы ретінде қазақ спорты тарихына есімі алтын әріппен жазылған саңлақ спортшы денсаулығына байланысты спорттан ертерек қол үзіп, саналы ғұмырын ұстаздыққа арнады. Жаңаарқа ауданына қарасты Шәбден Ералиев атындағы ауылдың мектебінде 40 жылға жуық ұстаздық етіп, мыңдаған жас ұрпақтың патриоттық рухта тәрбие алуына еңбек сіңірді.

Екі күнге созылған турнирдің қорытындысы бойынша боз кілемді шаңдатқан палуандардың үздіктеріне лайықты құрмет көрсетіліп, марапат табысталды. Жүзден жүйрік шыққандардың сапында жезқазғандық палуандардың табылғаны да үлкен қуаныш. Ермек, Ерлен, Олеся Пилипенко, Рауан Бақытов, Сержан Әділхан, Абылай Құттыбаев, Мейрам Төлеубай, Руслан Штукерт, Мансұр Мырзаматұлы есімді палуандар қарсыласын ойсырата жеңіп, қаланың абыройын асқақтата түскенін айта кеткен жөн. Турнирдің қорытындысы бойынша жеңіске жеткен палуандар Қазақстан Республикасының құрама командасы құрамына алынып, халықаралық деңгейде еліміздің намысын қорғайтын болды.

**Бота ШАЛҚАР**

**№8 гимназияда білім қызметкерлері арасында дәстүрлі аймақтық спартакиада өтті.**



# ЖАРЫС АЛАҢЫНДА – ҰСТАЗДАР

Білім беру, ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздардың рөлі айрықша. Оларға артылатын жауапкершілік те жеңіл емес. Аталмыш спартакиада мұғалімдерді қиын әрі ауыр жұмыстан бір сәтке серпіліп қалуға мүмкіндік беріп, денсаулыққа да көңіл бөлу керек екенін еске салды.

Аймақтық спорт жарысына 120 ұстаздан құралған төрт команда қатысты. Жарыстың ашылу салтанатына қатысқан қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев сөз алып, мұғалімдерге сәттілік тіледі. Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы Марат Қоңырбаев та өз кезегінде жарысқа қатысушыларға сәттілік серік болсын деп тілегін жеткізді.

Екі күнге созылған жарыста ұстаздар волейбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ ойындары бойынша сынға түсті. Жарысқа қатысушылар білікті ұстаз екендерін ғана дәлелдеп қоймай, жарыс алаңында да мықты спортшы екендерін көрсетті. Спартакиаданың қорытындысы бойынша Жезқазған құрамасы 27 ұпаймен жеңімпаз атанды. Жаңаарқадан келген ұстаздар жүлделі ІІ орынға ие болса, көршілес кеншілер қаласының ұстаздар командасы ІІІ орынға тұрақтады.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

**Жастар жылымен тұспа-тұс келген Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында «Жезқазған аруы – 2019» сән байқауы өз мәресіне жетті. Ақтық сынға байқауға қатысуға ниет танытқан елу арудың ішінен тек жиырмасы ғана ілікті. Оларды әлеуметтік желі қолданушылары таңдаған болатын. Мысты өлкенің ең сұлу әрі ақылды аруын анықтаған кеш Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өтті.**




# АРАЙЛЫМ – ЖЕЗҚАЗҒАН АРУЫ

Қатысушыларға қойылған басты талап – бойының 169 см ден кем болмауы. Байқауды өткізудің мақсаты талантты әрі жас сұлуларды анықтай отырып, оларға үлкен сахнаға жол ашу және қолдау болып табылады. Жезқазғанда сән байқауын өткізу идеясының авторы – Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің түлегі, белсенді өмірлік ұстанымы бар Зарина Әбілғазина. Ол бұған дейін «Теміртау аруы», «Қарағанды аруы» байқауларын жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізген «Art line» сән агенттігінің жетекшілігіне өтініш білдірген. Өтінішті тек сән агенттігі ғана емес, сонымен қатар, Жезқазған қалалық әкімдігі мен жергілікті «Инфинити» сұлулық салоны, «Diamond studio» фотостудиясы, «Таттур» турфирмасы мен «Н2О-BIO», «24» такси қызметі, «Alar flowers» дүкені сынды жеке кәсіпкерлік иелері де атсалысты.

Сұлулықты сарапқа салған байқауда арулар флешмоб билеп, таныстыру және дефиле сынды айналымдардан сүрінбей өтті. Дегенмен, қазылар алқасы мен көрермен ықыласы он сегіз жасар Арайлым Хамитоваға ауды. Жезқазған гуманитарлық колледжінің ағылшын тілі факультетінде оқитын Арайлымның бойында қазақы тәрбие бары анық байқалды. Содан болар ол «Жезқазған аруы» атанып, енді «Қазақстан аруы» ұлттық байқауында аймақтың намысын қорғайтын болады. Ендеше, Арайлым Хамитова артылған сенімді ақтап, алдағы сыннан сүрінбей өтуіне тілектестік білдірейік.

**Өз тілшіміз**